

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

ӘДІЛХАН САТАНҰЛЫ ҒАБДУШЕВ

**Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығы профилактикасы бойынша
ішкі істер органдарының құқықтық және ұйымдастырушылық
қызметін қамтамасыз ету**

«7М123–ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ» мамандығы бойынша
магистрлік жоба

ҚАРАҒАНДЫ – 2020

МАЗМҰНЫ

Белгілеулер мен қысқартулар.....	2 бет.
КІРІСПЕ.....	4–14 бет.
1.КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖАСАЛУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ҮРДІСТЕРІ	
1.1. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу институтының құқықтық мазмұны.....	15-21 бет.
1.2 Кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен КТІЖ бөліністердің қызметін ұйымдастырудағы тарихи және қазіргі заманғы бағыттар.....	21-28 бет.
1.3.Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының құқықтық қызметін ұйымдастырудағы кейбір кемшіліктер және жаңашыл ұсыныстар.....	28-33 бет.
2.КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ МЕН ЖОЛЫН КЕСУ БОЙЫНША ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ. Құқық бұзушылық жасалуының тәрбиелік және «еліктеу» этимологиясы.....	33-40 бет.
2.1. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша ішкі істер бөліністерінің қызметі. Жасы кәмелетке толмағандар тәрбиесіндегі үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік ұйымдармен өзара іс-қимылы.....	48-54 бет.
2.2. Қоғамға жат мінез-құлықты жасөспірімдерді анықтау бойынша ІО бөліністері қызметінің негізгі бағыттары. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығымен күрес жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар.....	54-57 бет.
Қорытынды.....	58 бет.
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	59-60 бет.

БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ХКК - Халық комиссарлар кеңесі

КСРО – кеңестік социалистік республикалар одағы (СССР)

БКП (б) – большевиктердің бүкілодақтық коммунистік партиясы
(ВКП(б))

ІХК – Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД)

ХКК – Халық комиссарларының кеңесі (Совнарком)

РКФСР - Ресей кеңестік федеративтік социалистік республикасы
(РСФСР)

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (СНГ)

ПД - Полиция департаменті

ІМ - Ішкі істер министрлігі

БҒМ – Білім және ғылым министрлігі

ӘҚБтҚРК – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан
Республикасының Кодексі

БҰҰ – Біріккен Ұлттар ұйымы

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі заманғы қоғам дамуының үрдістері мен қылмыстық ахуалдың өзгере бастауы еліміздегі құқық бұзушылықтардың алдын алу қызметінің тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа экономикалық интеграциялануы мен жаһандық өзгерістерге дендеп енуі әкімшілік және қылмыстық бұзушылықтармен күрестегі жаңаша әдістер мен нысандарды қолдануға мәжбүрлейді. Ерекше өзекті болып отырғаны, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, жасөспірімдер мен балалардың тарапынан жасалатын құқық бұзушылық көріністері профилактикасының бұрыннан бар құралдары мен әдістерін тиімді жетілдіру не шетелдік құқық қорғау органдарының тиімді әдістерін біздің елде қолданысқа енгізу үшін сапалы кіріктіру, не болмаса, осы мәселемен айналысып жүрген әлемдік деңгейдегі мамандар мен сарапшылардың талдау жұмыстарын зерделеу.

Еліміздегі адам және азаматтың құқығын қорғауда басты рөл олардың құқығының шектелмеуі, шектелсе де тек құқық қорғау органдарының және мемлекеттік органдардың уәжді ұсыныстарымен немесе айыптың нақты дәлелденуімен ұштасатын құқық қорғаушы органдардың заң аясында, ұлттық заңнамалық база негізіндегі заңдық қадамдардың қызмет етуі аясында ғана шектелуіне жол беріледі.

Заманауи қоғамда өрбіп жатқан кейінгі уақыттағы оқиғалар, әсіресе, кәмелетке толмағандардың қатысуымен орын алатын адам құқықтарын шектеумен ұласып жатқан ізгілік қағидаттарына жат, моральдық тұрғыдан рухани құндылықтардың іргетасын әлсіретуге елеулі ықпал ететін факторларға жатады.

Осы магистрлік жобаның тақырыбын таңдау аясында зерттелетін мәселелердің тереңдігі және құқық қорғау қызметінің сапасын арттыруға тікелей әсер ететіндігі, бұдан өзге, мемлекет басшысының алға қойған ұлы мақсаттарының бірі – ішкі істер органдарының қызметін жаңғырту мен

полиция қызметкерлерінің күнделікті жұмысында жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасасуында сервистік үлгіні алға тарта отырып, іс-қимыл көрсеткенде көрініс беретін өзекті мәселелерді шешудің тиімді жолдарын табу қиындығы тіпті де өзектендіріп жіберді. Бұл магистрлік жоба өзінің зерттелу табиғатымен біз көтеретін мәселе ретінде және шешу жолдарының кейбір тұстарын нұсқауымыздың нәтижесінде кәмелетке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша ахуалдың жағымды көрсеткіштер жағына қарай өзгеруіне сеп болатындығына үміттенеміз. Өйткені, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін құқық қорғау органдарының, оның ішінде, ішкі істер органдарының құрылымын, жеке құрамның санын, ішкі істер бөліністерінің жарақталуы мен материалдық-қаржылық қамтылуына ерекше көңіл бөлсе де, ішкі істер органдары мен бөлімшелерінің қызмет ету әдістері мен нысандарын түбегейлі шеше алды деп нық сеніммен айта алмаймыз. Оған мысал ретінде, еліміздің құқық қорғау органдарының, оның ішінде, ішкі істер органдарының, жасөспірімдер мен кәмелетке толмағандар құқығының шектелуіне жол беріп қойғандығын, кәмелеттік жасқа толмағандардың құқығын қалпына келтіру, адами және азаматтық мәртебесіне құқық бұзушылармен қол сұғушылық фактілерінің жиілеп кетуі, ата-аналардың кәмелеттік жасқа толып үлгермеген өзбалаларының құқық бұзушылық оқиғалардың «куәгері» болып жүруі (жәбірленуші не құқық бұзушы ретінде) осыған жарқын мысал бола алады. Әлбетте, кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғушылық фактілерінің төмендеуіне, олардың бостандықтары мен конституциялық құқықтарының заң алдында қалпына келтірілуіне бағытталған әдістемелік, құқық қолданушылық іс-шаралар белсенді атқарылуда. Ішкі істер органдарының соңғы уақыттағы жұртшылықпен өзара бірігіп әрекет етуінде, қызметкерлердің кәсіби шыңдалуы мен қызметтік деңгейін арттыруға жұмылдырылған кешенді шаралары өз нәтижесін беруде. Бұны біз халықтың полиция қызметінің қаншалықты маңызды рөлі бар екендігін, еліміздің аумағында тыныштықтың сақталуындағы қарапайым полицейдің соншалықты жүк көтеріп жүргендігін шын сезінуінен деп білеміз. Қазіргі күні Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен әлем аумағы бойынша жарияланған пандемия жағдайындағы

тұтас еліміздің экономикасының алға «кұлаш ұруының», әр адамның өз әлауқаты артуының қарыштап дамуының, кіші және орта бизнес құрылымдарының қалыпты жұмыс істеуінің негізгі «себепкері» полиция атағын абыроймен алып жүрген, қазақстандық үлгідегі нысанды киім-кешек киіп жүрген полиция қызметкері екендігін жағдаяттық тұрғыдан саналық сезінуі бұдан былайғы жүргізілетін полиция қызметі реформасының сапалы болатындығына сенім «ұялатады». Бұның ішінде, қоғамның әр мүшесі сыни тұрғыдан сынап жүрген ішкі істер органдарының балалар мен жөсөспірімдер құқығы мен бостандығын қорғау, кәмелетке толмағандар жасайтын құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, осы құқық бұзушылықтардың болуына тікелей ықпал ететін себептік негіздер мен жағдаяттық жағдайлардың халықтың көзіне бірден түсе бермейтін оң нәтижесін көре алмай отырған полицияның профилактикалық функциясын атауға болады. Сондықтан осы жұмыс барысында көтерілетін мәселелер, айтылатын ой-пікірлер, талданатын талдаулар өзектілігімен ерекшеленіп, оны шешу жолындағы қазақстандық полиция қызметінің жасап жатқан анық қадамдары мен қолданатын әдіс-нысандары, жасалып жатқан іс-шаралары мен ұсынылатын жаңашыл тұстары сөз болмақшы.

Еліміздің экономикасының дамуы құқық қорғау органдарының дамуына да тікелей байланысты екені белгілі. Қоғамдағы адамдардың әлауқатының артуы еліміздің аумағындағы әр отбасы тұрмысының бақуатты бола бастауының негізі. Егер отбасының әр мүшесі өзіне лайықты өмірлік игіліктер мен артықшылықтарды көптеп тұтынатын болса, ол отбасы мүшесінің қоғам алдына қояр сұранысы болмайды да немесе өмір сүру деңгейі арта түскен сайын сол талаптар соғұрлам азаймақшы. Қоғам алдындағы мақсаттардың бірі сол қоғам мүшесінің өзіне қажетті өмірлік қажеттіліктері мен тұрмыста тұтыну үшін керек болар материалдық игіліктерді толық тұтына алып, я болмаса, керекті уақытта тұтынуға қол жеткізе алатындығында. Бұл дегеніміз, отбасының, яки, оның әр мүшесінің бұзушылықтарға бармай қоғамда жалпыға бірдей қалыптасқан тәртіпті сақтауы, ниеті мен санасының заңнамалармен белгіленген ережелер мен талаптардың сақтау жолындағы жауапкершілігінің артуы. Түптеп келгенде,

еңселі экономикаға сүйенген қалыптасып үлгерген қоғамда өмір сүретін әр отбасы мүшелерінің сол қоғамда заманауи уақытта өмір сүріп жатқан қоғамға ортақ талаптарды орындауға жауаптылықпен тығыз байланыста екендігіне айқын да анық көз жеткіземіз. Бұндай жағымды ахуал қалыптасуы үшін қоғамды басқаратын тиімді экономикалық базис, жалпыға бірдей түсінікті заңнамалық қор, ал, ең негізгісі жауаптылықты санасына мықтап сіңірген, сол елдің өмірлік талаптарына жауап бере алатын замануи заңнамалық нормаларды сақтай білетін (мәжбүрлеп емес, өз еркімен) отбасы, сол отбасының мүшесі болуы шарт. Өкінішке орай, әлі күнге дейін қолайсыз жағдайда тұрып жатқан елімізде қаншама отбасы бар екендігін көріп жүрміз. Қандай да бір себептермен өз балаларын асырай алмай отырған, жағымды жаңалықтардан құр қалған, тұрмысы төмен отбасыдан шығып жатқан кәмелетке толмай жатып заң аттап жатқан қанша құқық бұзушы бар екендігін де білеміз. Сондықтан, кәмелетке толмай жатып құқық бұзуға барып жатқан, қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптасып үлгермеген әр жасөспірімге қарсы әкімшілік не қылмыстық заңнамалармен көзделген құқықтық норманы қолданар алдында бұл бұзушының ерекше мәртебесі бар екенін де ұмытпаған жөн. Адами құқықтарын толық қолданып үлгермеген, азаматтық мәртебесін толық жүзеге асыра алмаған әрі кәмелетке толмаған, яғни үлгермеген, жүзеге асыра алмаған, толмаған деген ұғымдарды қолдануымыздың өзі бұл құқық бұзушыға деген көзқарас та айрықша болатындығынан хабардар етсе керек.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы, сайып келгенде, бұл магистрлік жобаның зертеу тақырыбының өзектілігін арттыра түсетіндігін, зертеу объектісінің айрықша мәртебесі барлығын, кәмелетке толмағанды жауапқа тарту дегеніміздің салдары отбасының жағдайының жағымсыз екендігінің, ал отбасы туралы сөз еткенде жалпақ қоғамның проблемаларын сөз ететіндігіміз, егер әр отбасы еліміздің құндылығы деп білсек, тұтастай алғанда, кәмелетке толмағандардың мәселесімен айналысу, олардың құқығы мен бостандығын қорғау, еркіндігіне қол сұғушылықтан ада ету, еліміздің әр азаматының құқығы бұзылмауы бүгін мемлекеттің органдары мен ұйымдарының өзекті мәселесі деп толық айтуға болады.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары заңнамалық тұрғыдан бұл мәселемен тиімді айналысуда, бұл ретте әкімшілік, қылмыстық және қылмыстық - іс жүргізу заңнамаларын жетілдіру жолымен де. 2015 жылы Қазақстан Республикасы әлемдік құқық қорғау заңнамаларының жаңашыл үдерісіне еркін ілесу үшін жоғарыда жеке-жеке атап өткен заңнамалардың түбегейлі жаңғырту мәселесінде алға жылжыды. Кәмелетке толмағандардың, қараусыз жүрген балалардың құқығын қорғау, отбасы мүшелерінің кәмелетке толмағандардың тәрбиесіне жете көңіл бөлуі, жергілікті мемлекеттік органдардың жетім балалардың үй-жайын сақтап қалу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша, нақты айтқанда, балалар мен кәмелетке толмағандардың құқығын барынша өркениетті жолмен қорғау мақсатында, құқықтану негізіне аталып өткен заң нормаларын енгізіп қана қоймай, жаңашыл сипатпен түрлендірді. Ішкі істер органдарының ендігі мақсаттарының бірі осы заң нормаларын орынды қолдана отырып, кәмелетке толмағандарды жауаптылыққа тарту саласында қызметтік және кәсіби қателіктерсіз қызмет өткеру.

Бұл жұмыста зерттеліп отырған мәселенің шығу тегін, болмысын зерделеудегі ішкі істер органдарының күштері мен құралдарын жұмылдыруды ұйымдастыру тетіктерін зерделеу мақсат тұтылған.

Жобаны зерттеудің мақсаттары:

-еліміздің құқықтану ғылымындағы кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғушы әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтардың заңнамалық құқық қолдану тәжірибесіне кешенді түрде талдау жасау;

-жоғарыда айтылған және бұдан кейін сөз болатын кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтарды анықтауда, алдын алуда, жолын кесуде кездесетін мәселелерге талдау жасай отыра, заңнамалық тұрғыдан кейбір заң нормаларын заңнамалық тұрғыдан жетілдіру, ол нормаларды қолдану барысындағы тәжірибедегі ішкі істер органдары мен бөліністерінде кездесіп қалатын құқықтық мәселелері, сондай-ақ осы проблемалық түйінді шешу жолында ұсынылатын әдістемелік ұсынымдар.

Бұл ұсынылған мақсаттар мынадай келесі зерттеу мақсаттары мен міндеттерді еңсергенде қамтамасыз етіледі:

- зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты ғылыми, ғылыми-тәжірибелік дереккөздер мен осы тақырыптағы құқық қолданушылық материалдарды зерттеп-зерделеу жолымен пайымдау;

-кәмелетке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылықтардың қазіргі жай-күйі және өсу, я болмаса, төмендеу динамикасы, қоғамға қауіптілік дәрежесіне баға беру, осымен ұштас, қауіптілігінің көрініс беру ерекшелігін ұғыну;

- кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық тағайындау және Қазақстан Республикасы соттарының оларды қолдану іс-шараларын талдау;

- осы тектес құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылық жөніндегі заңнамалық қолданыс ерекшеліктерін сөз ету, осы бұзушылықтарды жасаудың профилактикасын жақсарту мақсатында заңнамалық жетілдірулер резервін айқындау болып табылады.

Зерттеу нысаныкәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының қоғамға қарсы жағымсыз әсері және құқықтық құбылыс ретіндегі, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы аумағында осы тақылеттес құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық бойынша заң нормаларын қолдану мәселелері және кейбір ерекшеліктері, ішкі істер органдарының осындай құқық бұзушылықтардың алдын алу жолындағы құқықтық қызметінің сапалық өзгешелігін және ұйымдастырушылық қабілеттілігін саралау болып табылады.

Зерттеу пәні кәмелетке толмағандардың құқық бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың шығу тегі мәселесі, оның мәні және мазмұны, Қазақстан Республикасындағы тенденциялары және ерекшеліктері және жасы кәмелетке толмағандар құқық бұзуына қарсы іс-қимыл көрсетуде мемлекеттік институттардың жай-күйін анықтау және қызметін жетілдіру болып табылады.

Зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі. Бұл зерттеудің әдіснамасы ретінде жеке-құқықтық әдіс таңдалған. Осы әдіснама тұрғысында жоба аясындағы жұмысты зерттеуші сипаттамалық, салыстырмалы,

салыстырмалы-тарихи, тарихи құқықтық әдістердің іздену жолдарын ұстанған.

Зерттеу әдістемесі ретінде кәмелетке жасы толмағандар құқық бұзушылығы саласындағы ішкі істер органдарының құқықтық, сонымен қатар ұйымдастырушылық саладағы қызметін зерттеу мақсатында отандық заңнама қорын, шетелдік нормативтік-құқықтық актілерді, статистикалық және есептік-анықтамалық құжаттамалық материалды, шолулар мен әдістемелік нұсқаулықтарды, ғылыми және өзге жарияланымдарды зерттеулер енді.

Мәселенің ғылыми зерттелу дәрежесі. Осы магистрлік жоба аясында қаузалып жатқан бұл тақырыпты белсенді зерттеп-зерделеген ғалымдардың еңбектерін екшелеп өтсек.

Ең алдымен, зерттеуіміздің теориялық-әдіснамалық негізін Қазақстан Республикасындағы балалықты құқықтық қорғау, кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар мен жауаптылықтың ерекшеліктерін, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының алдын алу мен жолын кесудегі әкімшілік-құқықтық шаралары, Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандардың девианттық мінез-құлқы мен құқықтық әлеуметтендіру мәселерімен айналысқан М.С.Нәрікбаевтың, Д.Ш.Сартаевтың, Б.А.Жетпісбаевтың, А.К.Айтпаеваның ғылыми зерттеулері құрады.

Кәмелетке толмағандардың топтасып жасалған құқық бұзушылықтарын, кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күресу іс-шараларын дамыту және жетілдіру мәселелерін қаузаған Г.И.Фильченконы, Р.А.Базаровты, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы заңнамалары бойынша кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан босатудың ерекшеліктерін зерделеген Т.Ж. Атжановтың еңбектерін атап өтсе болады. Е.С.Жигаревтің, С.А.Сысоевтің, А.Б.Ковецкийдің, Г.И. Фильченконың, С.И.Брылевтің де жауаптылыққа тартуға қатысты бұл тақырыптың табиғатын ашуға үлестері аз еместігін айтып өткен жөн. Әлбетте, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығы саласындағы ішкі істер органдарының құқық қолданушылық қызметінде заңнаманы жетілдіру жолында теориялық

та жанама түрде қосымша да біршама зерттеулер жүргізіліп жатты. Алайда, осы жобаның тақырыбына айналып отырған мәселе толық күйінде ғылыми талдаудың пәні болған емес. Оған себеп, кәмелетке толмағандар арасында кейінгі жылдары орын алған мәселелер, атап айтқанда, қоғамдық орындар мен мектептерде кәмелетке толмағандарға қарсы жасалып жатқан құқық бұзушылықтардың жаңа, 2015 жылғы өзгертілген заңнамалық шеңбер аясындағы юрисдикциялық қызметі, яғни іс жүргізудің жаңаша заңнамалық базаға икемделуінен кейін біз қарастырып отырған жоба тақырыбы ғылыми ізденістер тақырыбына айналған емес.

Сонымен, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығы профилактикасының құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері өзектілігі мен оның жеткіліксіз дәрежедегі ғылыми талдануы, осы жобаның зерттелу тақырыбы ретінде таңдалуы мен бағытын айқындап берді.

Елімізде кейінгі жылдары полицияның қызмет өткеруіндегі орын алған өзгерістер мен жоспарланған модернизациялау, шетелдік сарапшылармен халыққа қызмет көрсетудің сервистік үлгісін зерделеу, бүкіл дүние жүзінде орын алған пандемия жағдайындағы полиция сақшыларының жұмысындағы өзгерістер және тағы басқа кейінгі ондаған жылдар бойы орын алып келген шешуі күтілетін мәселелер мен оның маңыздылығы, сонымен қатар осы мәселелердің ғылыми түрде жеткілікті түрде зерделеніп-талданбауы осы тақырыпты таңдауға да және ғылыми іздену бағытын анықтауға да басымдықты аңғартты.

Жобаның нормативтік негізін отандық әкімшілік және қылмыстық заңнамалар құрайды.

Жобаның эмпирикалық негізін құқық қорғау органдары мен соттық тәжірибеден шолулар, ресми дереккөздік талдау және статистикалық мәліметтер құрайды.

Жобаның ғылыми жаңалығы. Бұл жоба қазіргі күні елімізде орын алып отырған ішкі істер органдары халыққа ұсынатын қызметтерін жетілдіру және заңнамалық тұрғыдан бастау алған қызмет көрсетудің сервистік үлгісін енгізуге қадам басқан жаңғыру кезеңіндегі кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының құқықтық негізін, шығу тегінің

өзгешелігін қарастырады. Осыдан үш жыл бұрын қабылданған отандық заңнаманың кейбір олқы тұстарын анықтауға оқталуды мақсат тұтады.

Жобаның теориялық маңыздылығы, ең біріншіден, жобалық караудан өткен қорытындылар мен ұсынылып отырған ұсыныстар 2015 жылы қабылданып, осы күні тәжірибелік сыннан өтіп жатқан әкімшілік заңнама аясындағы кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының құқықтық негізін қалыптастыруда, осы құқықтық негіздер арқылы профилактикалық қызметті іске асыруға ғылыми базалық тәжірибені толықтыруға септігін тигізеді. Жобада жаңашыл негіздегі ұсынылып отырған алгоритмдік, яғни, қадамдық операциялық рәсімдер кәмелетке толмағандар істері жөніндегі саланы, нақты алғанда, кез-келген полиция қызметкерінің кәмелетке толмаған құқық бұзушы жасаған бұзушылық пен кәмелетке толмаған жәбірленушіге қарсы жасалған бұзушылық кезінде нақты қандай қадамдар жасау қажет екендігін, қай рәсімнен кейін екінші қандай рәсім қабылдану қажеттілігін айқындауға көмекші құрал іспетті қызмет атқарады. Теориялық тұрғыда сауатты білім көкжиегімен қаруланған кез-келген полиция қызметкері осы теориялық білімді тәжірибелік арнаға бағыттау шеберлігін шыңдайды. Қандай жағдайда теориялық білімге негізделген нысандар мен әдістер қолдану ерекшелігіне қарай түрленетіндігін зерделеп беру. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспектордың лауазымында қызмет атқаратын полиция қызметкерінің теориялық білім алу базасын кеңейту, осыған сәйкес, құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, оның көлемін қысқартудың ғылыми әдіс-айласын зертханалық жолмен зерделеу, ғылыми болжамдау және теориялық тұрғыдан қарсы іс-қимылдар қолдану үлкен теориялық-құқықтық, әрі білімдік сапаны қажет етеді. Міне, осы тұста бүгінгі зерттеліп отырған жобалық жұмыс осы теориялық білімдік базаны нығайтуға көмекші құрал болмақшы, маңыздылығы да айтарлықтай.

Жобаның тәжірибелік маңызы және оның нәтижелерін сынау. Жобаның әу бастан ұстанған ұстанымы да, тәжірибелік маңызы да қоғам талап етіп отырған қоғамдық сұраныстарға ғылыми-кешендік тұрғыда жауап беру. Ғаламдық ғылыми ортадағы сан мыңдаған ғылыми ұстанымдардың тәжірибедегі сәтсіздіктерге ұшырап жатқанын көрген отандастарымыздың

полиция қызметіне деген құрмет сезімін оятуға да сеп болатын тұсы осы. Бұл жұмыста тұжырымдылған ізденулер мен ұсыныстық қорытындылар еліміздің құқық қорғау жүйесінде заңнамалық бастамашылық іздену жұмыстарына құқығы бар органдардың қызметінде, полиция органдары мен бөліністерінде қолданылуға әбден лайықталған еңбек.

Бұл жобаның басты маңыздық ерекшелігі, теориялық болсын, яки, тәжірибелік болсын, саны қысқарып, реформаға ұшыраған және ғылыми-зерттеу бағытын толық айқындай алмай өзгеріске ұшыраған, кей жағдайда, тіпті, ғылыми әлеуетінің ізденімпаздық сапасы күрт төмендеген қазіргі қазақстандық құқықтық ғылыми ортаның да бұл саладағы, яғни, кәметке толмағандар құқық бұзушылығы аясындағы ғылыми зерттеушілік бағытын терең зерттеу жолын ұстану мақсатында ғылыми ізденулер мен оқу үдерістерінде пайдалануға негіз болады. Бұл тақырып аясын бұдан да тереңірек бойлап, зерттеп барып, жаңашылдық сипаттағы тәжірибелік маңызға ие келешектегі ғылыми жобаларға негіз салатын, тәжірибедегі ішкі істер саласындағы ғылыми және теориялық тұрғыда қалыптасқан мәселелерді шешуде бұл жобаның баспалдақ ретінде қосымша болсын көмегі тисе, жобаның өз саласындағы миссиялық міндетінің ақталғаны деуге болады. Ғылыми орта мен оқу орындарының болашақ мамандарды әзірлеу үшін пайдаланылатын материалдардың тәжірибелік мәні бар құрал ретінде қолданылуы мүмкін.

1.КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖАСАЛУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ҮРДІСТЕРІ.

1.1. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу институтының құқықтық мазмұны.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алып, мемлекет ретінде құрылған күннен бастап өзінің негізгі және бағаланбас, жоғары құндылықтары ретінде адамды, оның өмірі, құқықтары және бостандықтары мен еркіндігін таңдап алды. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы, мемлекеттілігіміздің мызғымастығын одан әрі нығайту үшін негізгі де өзекті мақсаттарының бірі - өскелең ұрпақты құқықтық мемлекеттің рухында тәрбиелеу болды. Еркіндікті қалаған, өсіп-дамуға, білім алуға құштарлықпен ұмтылған тұтас ұрпақты құқықтық санада тәрбиелеу сияқты тарихи міндеттер тұрды. Рухани байлықпен үндескен, моральдық тазалықпен ұштасқан, физикалық тұрғыдан жетілген, санасына құқықтық негіздегі, тарихи шындалған дәстүрлеріміз бен тоқтау-тыйымдарымыздан бастау алатын тәртіптік ережелерді сіңіру ғана емес, болашақтағы қазақстандық азаматтың тұлғасын қалыптастыруда еліміздің құқық қорғау органдарының, оның ішінде ішкі істер органдарының үлесі ұшан-теңіз.

Қоғамның ортасынан қайнап шығатын жаңа ережелік талаптар мемлекетіміздің әр мүшесінің моральдық бейнесі мен жүріс-тұрыс, мінез-құлқына әсер ететіндігі даусыз. Қалыптасу жолында өскелең ұрпақтың қай-қайсысы да өзіне ыңғайлы, өркениеттік тұрғыда жетілген талаптарды қажет ете бастайды. Осы талаптарды қанағаттандыру жолында кез-келген өскелең ұрпақтың мүшесі мемлекеттің негізін құраушы мемлекеттік органдардан сапалы білім алу, өмірлік қажеттіліктерге керекті игіліктер мен артықшылықтарды сезіну, бос уақытын еркін, қызғылықты өткізу сияқты табиғи-физиологиялық сұраныстарды талап ете бастайды.

1989 жылғы 20 қарашада Нью-Йорк қаласында Бала құқықтары туралы Конвенция қабылданды. Ол Конвенцияның 3 бабы 1 бөлігінде:

- «Балаларға қатысты қолданылатын іс-әрекеттердің, оларды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерімен айналысатын мемлекеттік немесе жеке мекемелердің, соттардың, әкімшілік немесе заң шығарушы органдардың қабылдағанына қарамастан, бәрінде де ең бірінші кезекте баланың мүдделерін барынша толық қамтамасыз етуге көңіл бөлінетіндігі» туралы сол кездің өзінде анық көрсетілген [1].

Жоғарыда аталып өткен конвенцияны қазақ елі 1994 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен ратификациялаған. Осы құжаттың үшінші бабының екінші бөлігінде «...мемлекеттерді заң бойынша бала үшін жауапкершілікті мойнына алған оның ата-анасының, қамқоршыларының немесе басқа да адамдардың құқықтары мен міндеттерін назарға ала отырып, баланың игілігі үшін қажетті қорғау мен қамқорлықты қамтамасыз етуге міндеттенеді және осы мақсатпен барлық тиісті заң шығару және әкімшілік шараларын қабылдайтыны туралы [1] міндеттеген.

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті - Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауында:

- «Ал кейінгі толқын жастарға айтарым: Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер. Біздің бүгінгі атқарып жатқан қыруар шаруаларымыз тек сендер үшін жасалуда. Сендер тәуелсіз Қазақ елінің перзенттерісіңдер. Тәуелсіз елде туып, тәуелсіз елде тәрбие алдыңдар. Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдіретті күш. Мен барша халқымды жарқын болашаққа жол бастайтын адамзат баласының мәңгілік құндылықтары – ерік-жігер мен еңбексүйгіштік, мақсаткерлік қасиеттерді бойға сіңіруге шақырамын» деген жалынды жігерімен жастарға, келешек ұрпаққа зор сенім артты [2].

Қазақстанның Тұңғыш Президенті құқықтық қоғам қалыптастыру жолындағы сол кездің өзінде жастардың біздің қоғамдағы басым рөліне сай, ерекше үлгідегі уақыт жүгіне парапар мақсаттар қойды. Балалар мен

жасөспірімдердің мәселесіне немқұрайды қараудың болмашы көріністерінің өзі біздің қоғамға төзгісіз екендігін салмақ салып айтты. Ал, олардың тәрбиесі қазақстандық қоғамның жіті назарында.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауында: - «Бала құқығын қорғау және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселесіне басымдық беруіміз қажет.

Жасөспірімдер арасында көбейіп кеткен суицид мәселесімен мақсатты түрде айналысу керек.

Біз зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар мен олардың отбасын қорғау жөнінде толыққанды бағдарлама әзірлеуіміз қажет» [3]деп балалар мен олардың отбасын қорғау бойынша барлық құзырлы органдарға олар атқаратын жұмыстың бағыт-бағдарын айқындап берді.

Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мемлекеттік деңгейдегі мәселе дәрежесіне көтерілуі орталық органдардың бұл саладағы әлеуметтік те, қоғамдық та жетіспеушілік тұстары бар екендігін жасырын ұстаған емес. Балиғаттық жасқа толмаған, балпаң басқан бейқам мінезді балалар мен жігері жанумен қайралатын жалынды жастардың да тарапынан да жағымсыз жайттардың жиі жасалуы бұл салада әлі де болса кемшін тұстардың орны толмай жатқандығын аңғартса керек.

Жағымсыз мінез-құлық пен жайсыз жүріс-тұрыс тек қана тәлімді тәрбие мен тектен тараған тентектіктен ғана емес, бауырына алып бауырмашылдық танытатын ата-аналар тарапынан да жол берілетін «жүрек жылуының жетіспеушілігі» мен «қамқорлық құшағына» алуы тиіс қоғамдық ұйымдардың ұландарды «ұйыстыра алмағандығанан» да болатындығын қоғам әлеуеті «әшкере» ете алды.

Жалпы алғанда, Қазақстан халқы арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстылық өсімінің қарқынды динамикасы кей жылдары төмендеп, ішкі істер органдары күштері мен құралдарының жұмыла жасаған жұмысы жемісін беріп жағымды реңк танытқанмен, бүгінгі күні бұл аядағы «жүк жеңілдеген» емес. Бұндай ахуал оны кідіріссіз жою бойынша, әсіресе,

«қырағы» қоғамның назарындағы балалар мен жасөспірімдер тарапынан жасалатын заң бұзушылықтардың «тамырына балта шабу» жолында өткір мақсаттар қояды.

Бұндай тараптағы мәселелер бұқаралық құқықтық сананы жетілдіру, осы арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеу, ең алдымен, балалар мен жасөспірімдердің құқықтық санасын арттыруға бағытталған тәрбиенің кешенді іс-шараларын қалыптастыруға қажеттілік туғызады.

Тәрбиелік іс-шаралар мен кәмелеттік жасқа толып үлгермегендер құқық бұзушылығымен күресу іс-шаралардың жете ойластырылған жүйесін құру тікелей де жанама да құқық бұзушылық жасауға сеп болатын себептер мен жағдайларды жоюмен ұштас, басым жағдайларда түйіндес те келеді. Бұл ретте, қылмыстық немесе құқық бұзушылық мән-жайлардың немесе фактілердің қылмыстық мінез-құлыққа қаншалықты байланысты екендігін айтып қоя салу жеткіліксіз, оның түйіндесе байланысу сипатын анықтау өте-өте маңызды. Қылмыстық мінез-құлықтың туындай өрбуіне қандай да бір мән-жайлардың, қандай да бір өзге факторлармен жиынтықта нақты айқындалатынын анықтау құндырақ, әрі, қандай мән-жайлар әсер еткенде қылмыстық мінез-құлық қылаң береді? Енді өсіп келе жатқан баланың немесе жасөспірімнің ағзасына нендей жайттар көрініс бергенде олардың санасына құқық бұзу ниеті келеді? Мінекей, осындай кешенді әрі келелі, ғылыми тұрғыдан ізденуге сұранып тұрған сан қырлы жағдайлардың түйінін шешуге ұмтылғанымызда ғана көкейкесті сауалдарға көкейге қонатын жауап аламыз. Нақ осы қылмыстылықпен күресуде әлеметтік қатынастарды дамытудың, құқық бұзған кәмелетке толмағанның тұлғалық, құқық бұзудың орнын және уақытын және т.б., нақты жағдайларын ескере отырып, мақсатты түрде ескерту шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Негізінен алғанда, кәмелетке толмай жатып құқық бұзушылық ересектер құқық бұзушылығындай әлеуметтік себептерге ие, алайда, олардың жасалу тетіктері біршама өзгеше. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығына тұлғалық қалыптасу ортасы едәуір әсер етеді.

Ал, біздің еліміздің заңнамалық базасы осындай жан-жақты, көп қырлы, әмбебап та түйткілділігімен өзектіге айналған кәмелетке толмағандардың

құқық бұзушылығымен айналысуға қандай деңгейде қауқарлы екендігін сөз етейік. Заңнама түзу саласын заңғар, еліміздің ертеңін елеулі түрде еңселі ету тұрғысында Елбасы :

- «Осы мақсатта жаңа 2013 жылдың өзінде ұлттық құқықтық жүйені жаңғыртудың кезекті кезеңін бастау керек. Заңнама тек ұлттық мүдделерді ғана қорғап қана қоймай, қарқынды дамып отырған халықаралық құқықтық ортамен де үйлесуге тиіс. Үкіметке жария, сондай-ақ жеке құқықтың барлық базалық салаларында біздің құқық жүйеміздің бәсекелестігін арттыру жөнінде жүйелі шаралар қабылдауды тапсырамын.

Үкіметке 2013 жылы менің Әкімшілігіммен бірлесіп атқаратын мынадай тапсырма беремін:

Қылмыстық және Қылмыстық-іс жүргізу заңнамаларын реформалауды бастау керек. Ілгері ізгілендіруге, оның ішінде, экономикалық құқық бұзушылықты қылмыссыздандыруға маңыз беру керек;

Парламентке 4 жаңа кодексті: Қылмыстық-іс жүргізу, Қылмыстық, Қылмыстық-орындаушылық және Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы кодексті әзірлеп, енгізу керек.

Бұл өзекті заң актілерінің қабылдануы қылмыстық сот ісін жүргізуді және, ең алдымен, қылмысқа қарсы мемлекеттің күрес саясатын тұжырымдық тұрғыдан жаңғыртады, біздің құқықтарымызды қазіргі сын-кәтерлерге өз дәрежесінде әрекет жасайтындай деңгейге көтереді.

Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстануға тиіс.

Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы подъезден, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады.

Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді.

Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады.

Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам.

Біз құқықтық нигилизмді жеңіп, қоғамды қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне тартуымыз керек.

Біз әлеуметтік бұлдіргі пиғылды жұмысқа орналасу мәселесімен байланыста қарауымыз керек. Біз қоғамдық орындардағы бұзақылық әрекет үшін жеке іс қағазында және резюмеде міндетті түрде көрсетілетін және жұмысқа қабылдау, қызмет сатысы бойынша өсіру кезінде ескерілетін жаза қолдануды енгізуіміз керек.

Мұның бәрі қоғамдық өмірдің нормасы болуға тиіс»[1] деп заңнамаларды жаңғырту жұмысын бастауға тың серпін берді.

Кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтарының құқықтық негізін құрайтын негізгі заңнама ретінде 2014 жылы 5 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіні (бұдан әрі – әкімшілік кодекс) атап өтуге болады.

2015 жылы заң жүзінде іске кіріскен бұл жаңа заңнамалық әкімшілік кодекс қазіргі қоғамның өткір де өзекті мәселесіне айналған балалар қылмыстылығына негізгі себепші болатын берекесіз ата-аналардың бақылаусыздығы үшін жаза күшейтілді. Мәселен, бұрынғы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 әкімшілік Кодексіндегі № 111 баптың 2 бөлігімен көзделген «Ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы» Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау»[5] 140 бабымен сараланған қылмыс болып есептелетін болды. Сөйтіп, бұрынғы жеңіл түрдегі әкімшілік жауаптылықтың орнына кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтің немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің кәмелетке толмаған адамға қатыгездік танытуымен ұласқан орындамауы немесе тиісінше орындамағаны үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бір жүз

алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланатын болды [6].

Жаңадан қабылданған әкімшілік кодексте кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар жеке тарауға топтастырылып, жаңа редакциядағы санкциялар көзделген.

Кәмелетке толмағандардың құқығын бұзатын барлық іс-әрекеттер баяндалып, олар бойынша қандай жазалар көзделгені айқын анықталған.

1.2 Кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністердің (КТІЖ) қызметін ұйымдастырудағы тарихи және қазіргі заманғы бағыттар.

Ендігі сөз кәмелетке толмағандармен байланысты функцияларды атқаратын, ішкі істер органдары саласындағы жастары кәмелетке толып үлгермегендердің аясындағы барлық мәселелерді қозғайтын бөлініс туралы болмақ.

Жалпы алғанда, балалар мен жасөспірімдердің, яғни жастары кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы іс-әрекеттерін анықтау, оның жолын кесу, олардың тарапынан осы заңсыз әрекеттерді болдырмау жұмысының жай-күйінің өте төмен деңгейге түсіп кеткендігі туралы алғаш рет 1935 жылы 31 мамырда бұрынғы Кеңестік социалистік республикалар одағының Халық комиссарлар кеңесі (бұдан әрі – КСРО ХКК) мен Бүкілодақтық коммунистер (большевиктер) партиясының Орталық комитеті (бұдан әрі – БКП(б) ОК) деңгейінде қаралған. Аттары аталған екі органның балалар панасыздығы мен қаңғыбастығын жою туралы бірлескен қаулысы да шыққан[7]. Сол кездегі жағдай бойынша бұл мәселелердің бұндай жоғары деңгейде қаралуына бірнеше мәселелі мән-жайлар түйінді себеп болған, олар:

- үй-күйсіз және бақылаусыз кеткен балалардың панасыздығы фактілері көбейген;

- қараусыз және қадағалаусыз қалған балалардың тәрбиесімен айналысатын жергілікті кеңес органдары мен партиялық және комсомолдық ұйымдар мен мекемелердің балалардың панасыз қалуын азайту және жою жұмысының жеткіліксіздігі, кеңес жұртшылығының бұл іске ұйымдасқан түрде қатыспауы, кей жерлерде мүлдем қатыспауы;

- балалар үйлерінің тәрбие жұмысының қанағаттанарлықсыз деңгейі;

- балалардың бұзақылығы мен балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстық элементермен ұйымдасқан күрестің жеткіліксіздігі, ал кейбір жергілікті жерлерде ол жұмыстың мүлдем жоқтығы;

- қандай да бір себептермен (ата-аналарынан айырылуы немесе олардан кетіп қалуы, балалар үйлерінен қашып кетуі және басқа) «көше паналап» қалған балалардың тиісті балалар мекемелеріне кідіріссіз жатқызылатын немесе өз ата-аналарына қайтарылатын жағдайлар әлі күнге дейін жасалмағаны;

- өз балаларына қатыссыз қарайтын және олардың бұзақылығына, ұрлық жасауына, азғындығына және қайыршылығына жол беретін ата-аналары мен қамқоршыларымен өзара бірігіп әрекет етудің және жауаптылыққа тартылуының жоқтығы.

Осындай сүреңсіз жағдайды туғызған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың назарынан тыс қараусыз кеткен және мейірімсіз ата-аналардың кесірінен қадағалаусыз қалған балалар мен жасөспірімдер жетім қалу себебінен немесе ата-аналарының көшіп-қонуы, я болмаса, отбасыларынан өз еркімен қашып кету салдарынан панасыз қалғандар бірігіп, қоғамдар мен көшелерде, жеке тұрғын үйлерде құқық бұзу оқиғаларын көбейтті.

КСРО Халық комиссарлары кеңесінің және Бүкілодақтық комитеті балалардың қадағалаусыздығы мен панасыз қалуыосындай «апатты» жағдайға алып келу мәселелерін қарай келіп, жоғарыда біз атап өткен себептер мен салдардарды жою мақсатында төрт типтегі балалар мекемелерін белгілеу туралы шешім шығарды:

ә) одақтас республикалардың халық ағарту комисариаттары қарауындағы –тіршілік амалынан айырылған балалар үшін қалыпты типтегі

балалар үйлері, сондай-ақ ата-аналар есебінен ұсталатын және тәрбиеленуі қиын балалар үшін балалар үйлері;

а) одақтас республикалардың денсаулық сақтау халық комиссариаттары қарауындағы – ұзақ емделуді қажет ететін балалар үшін арнаулы балалар үйлері;

б) одақтас республикалардың әлеуметтік қамту халық комиссариаттары қарауындағы – мүгедек балалар үшін арнаулы балалар үйлері;

в) КСРО Ішкі істер халық комиссариаттары қарауындағы – изоляторлар, еңбек колониялары және қабылдау-бөлу орындары.

Бұл балалар үйлерінің негізгі тәрбиелік мақсаты - құқық бұзушылыққа бейім келетін, тәрбиелік ықпалы бар шараларға көндіге қоймайтын, ата-аналарының қамқорлығын көрмеген тәрбиеленуі қиын балаларды еңбек ету құралы арқылы тәрбиелеу.

Өлкелік және облыстық партия комитеттерін бұл балалар үйлерін ұйымдардың, кәсіпорындардың және ұжымшарлар мен кеңшарлардың қамқорлығына алу қажеттілігі туралы міндеттеген. Әр балалар үйінде осы ұйымдардың арнайы бақылау кеңесі болуын жүктеп, тұрақты қоғамдық бақылауды қамтамасыз еткен. Міне, осындай қоғамдық бақылау арқылы жұртшылықпен байланысты және халықпен өзара іс-қимыл жасасуды әрі өзара бірігіп әрекет етуді қамтамасыз еткен.

Өткен ғасырдың 30-ыншы жылдары бастау алған бұл іс-шаралардың барлығы бізге кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы атауымен белгілі «Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтары туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы № 708 бұйрығымен құрылған кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарының негізін құраған [8] жұмыстың алғашқы функциялық түпқазығы болатын.

Бұл қаулының тарихи шешімдерінің бірі ретінде қазіргі ювеналдық полицияның бастауы болатын – қалалық кеңестердің халыққа білім беру және халық денсаулығы секцияларында балалар үйлерін жүйелі тексеру және

балаларды күту және тәрбиелеудің тиісті жағдайларын қамтамасыз етуді бақылайтын ерікті инспекторлардың ерекше тобын бөлуді атауға болады.

Ал, көшелердегі балалар мен жасөспірімдер бұзақылығымен күресті ұйымдастыру ісі Жұмысшы – шаруамилициясының Бас басқармасына жүктеліп, оларға төбелестердің, жүргіншілерді қорлау, трамвай буферлерінде жүру және тағы с.с. бұзушылықтарды «ауыздықтау» міндеті қойылды. Қалалық және аудандық кеңестер жанында балалардың қадағалаусыздығы және панасыз қалуымен күрес жөніндегі секциялар ұйымдастыру мақсатталды және бұл секциялардың басты міндеті ретінде ұйымдар мен кәсіпорындар жұртшылығын балалар мен жасөспірімдердің көшеде бұзақылық жасауын жою ісіне жұмылдыруды ұйымдастыру болды.

Балалардың қадағалаусыздығы мен панасыз қалуына қарсы іс-қимыл көрсету үшін құрылған ерікті инспекторлардың ерекше тобы деп аталған бұл шағын топтар қазіргі кезде функционалдық түрде қызмет атқарып жатқан кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністердің алғашқы көріністері еді. Бұл қаулының қабылдануы сонау жылдардан басталған кәмелетке толмағандар профилактикасымен айналысатын бөлімшелердің қазіргі күнге дейінгі (атаулары ауысып отырса да) өзінің атқарған қызметімен құнды болмақ.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасының құқықтық негізінің іргетасы осылайша қаланған болатын.

Ювеналдық полицияның құрылуына себепші болған негізгі ғылыми факторлар кәмелетке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылықтардың қоғам өміріне қаншалықты жағымсыз ықпал ететіндігін көрсетті. Өркениетті қоғамның экономикалық өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік жетілуіне, халықаралық байланыс орнатуына кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтардың қандай деңгейдегі салдары бар екенін бағдарлау үшін балалар мен жасөспірімдер құқық бұзушылығының шығу тегіне үңіліп көрейік. Кәмелетке толмағандар ісімен айналысатын бөліністердің құрылуына себепші болған тарихи мәліметтерді алға тартайық.

Бірінші дүниежүзілік пен Азаматтық соғыстың төңірегінде өрбіген түрлі тарихи текетірестер орасан көлемдегі панасыз қалған балалардың амалдап, көшеде тіршілік етуіне әкелді. Сол кездегі мемлекет пен қоғам тарапынан бұл мәселенің оңтайлы шешуі үшін көп күш-жігер жұмсауына тура келді. Қараусыз жүрген және панасыз қалған балалар мен жасөспірімдердің мәселесін түбегейлі шешпесе де сол кездегі батыл қадамдардың бірі Ағарту жөніндегі Халық комиссары Анатолий Луначарскийдің бастамашылығымен қолға алынып, 1919 жылғы 4 қаңтарда халық комиссарлары кеңесінің төрағасы В.Ульянов (Ленин) пен Халық комиссарлары кеңесінің Іс басқарушысы В.Бонч-Бруевич үшеуі бірлесіп қол қойған «Балаларды қорғау кеңесін бекіту туралы» қаулы болды [9]. Бұл қаулының қабылдануымен бұрынғы кеңес үкіметіне біріккен одақтас республикалар аумағында қараусыз және қадағалаусыз жүрген, панасыз қалып көшелерде бұзақылығымен «нан тауып» жеп жүрген жасөспірімдердің ісіне тың өзгеріс енді. Бұл Кеңеске «артылған жүк» ауыр еді, оған себеп болған бұл кеңеске мүше болған ағарту ісі, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамту және еңбек салаларында қызмет ететін лауазымды адамдардың бұрын-соңды бұндай іспен айналыспағандығы еді.

Кеңеске бақылау және үйлестіру функциялары жүктелген болатын. Алайда, бұл функцияларды іске асыратын балалар мекемелері жоқтың қасы.

Қаулының бірінші тармағында «Елдегі ауыр өмір жағдайларын және қауіпті өтпелі уақытта өскелең ұрпақты сақтап қалу бойынша билікке түсетін міндеттемені ескере отырып, Халық комиссарлары кеңесі осы декретпен Балаларды қорғаудың ерекше кеңесін бекітеді» делінсе, үшінші тармағында «Балаларды қорғау кеңесіне балалар үшін айқын залал келтіретін бұл кеңеске енбейтін ведомстволардың өкімдеріне «тыйым салу» құқығы беріледі» [9] деп бұл кеңестің өкілеттілігіне ерекше мәртебе үстейді.

Кейіннен, 1921 жылы Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің (БОАК) 10 ақпандағы «Балалардың өмірін жақсарту бойынша комиссия құру туралы» [10] декреті жарық көрді. Бұл декрет бойынша БОАК төралқасы Ф.Э.Дзержинскийді осы комиссияның төрағасы ретінде сайлады. Комиссия құрамына Ағарту, азық-түлікпен қамту, денсаулық сақтау халық

комиссариаттықтарынан бір адамнан, жұмысшы-шаруа инспекциясынан, Бүкілресейлік төтенше комиссиясынан және Бүкілресейлік кәсіби одақтардың орталық кеңесіне бес адам мүше ретінде енді.

Бұл комиссия кең өкілеттілікке ие болды. Бұл жұмыс органы құзырына балалар құқығын қорғау, қадағалаусыздықтың, жас балалар мен кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын ескерту кіретін барлық ведомстволардың қызметін ұйымдастыру мен үйлестіруге басшылық етті. Комиссияға сондай-ақ, осы мәселелер бойынша орталық және жергілікті органдардың қаулыларын орындауды бақылау жүктелген. Осындай ұйымдастырудың нәтижесінде аштықтан балаларды сақтап қалу, панасыз қалуды жою және арнаулы балалар мекемелерін ұйымдастыру сияқты ауқымды жұмыстар атқарылды. Балалардың тұруына және уақытша болуына арналған мекемелер, оқу орындары, соның ішінде: балалар үйі, кәмелетке толмағандар үшін мектеп-колониялар, еңбек коммуналары, қабылдау-бөлу пункттері, мектептер, балалар қалашықтары және т.б., жүздеген мекемелер ұйымдастырылды, айта кетерлігі, бұларды біршамасы мамандандырылған мекемелер болатын.

Осы 1921 жылдың қыркүйек айында балалар әлеуметтік инспекциялары құрылып, оның міндетіне балалардың қадағалаусыздығымен, жоқшылығымен және құқық бұзушылықтарымен күресу жатқызылды.

Дегенмен, бұл әлеуметтік инспекциялар көшелер мен басқа қоғамдық орындардан панасыз жүрген балалар мен жасөспірімдердің басым бөлігін алу (көшеден арылту) бойынша міндетті орындай алмады. Ресей кеңестік федеративтік социалистік республикасының (РКФСР) Халық комиссарларының кеңесі 1929 жылдың 17 шілдесінде бұл міндетті милиция органдарына балаларды ұстағаннан кейін оларды кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияларға немесе әлеуметтік инспекциялар жанындағы балаларды қабылдау-бөлу пункттеріне бағыттау шартын қоя отырып жүктеді. 1931-1933 жылдардың өзінде милиция панасыз қалған балаларды ұстауда басым рөлге ие бола бастады.

1935 жылғы 31 мамырда КСРО Халық комиссарлар кеңесі және Бүкілресейлік орталық атқару комитеті «Балалардың панасыздығын және

қадағалаусыздығын жою туралы» арнайы қаулы қабылдады да, осыған сәйкес, ішкі істер халық комиссарлары (бұдан әрі - ПХК) жүйесінде кәмелетке толмағандар үшін қабылдау-бөлу орындары құрылды[7., 1 б.]. 1935 жылғы 28 мамырдағы КСРО ПХК-де шыққан нұсқаулықтың талабы бойынша милиция бөлімдерінен (бөлімшелерінен) жеке, бірақ оларға жақын орналасқан қараусыз қалған және панасыз жүрген балаларды әкелу бөлмелері ұйымдастыру ұйғарылды.

1940 жылы балалардың панасыздығы мен қараусыздығын, жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарын еңсеру бойынша жұмыстың орталығына айналған милицияның балалар бөлмелері құрыла бастады.

Соғыс жылдары балалар бөлмелері панасыз және қараусыз жүрген балаларды анықтау, оларға көмек көрсету, жетімдер мекемелеріне жіберу міндеттерін шешсе, соғыстан кейінгі жылдары жасөспірімдермен жұмыстың сипаты мен мазмұны өзгере бастады. Олар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтарды ескерту, жеке тұлғаларын зерттеуге көңіл бөліне бастады. Жұртшылықты балалардың бос уақытын ұйымдастыруға қатыстыру, олардың жүріс-тұрысын бақылауға тарту бойынша жаңа нысандарға ізденістер басталды.

1950 жылы жергілікті жерлерде милицияның балалар бөлмелері ашылып, олар әділет министрлігінің қарауына берілгенмен, 1954 жылы олар қайтадан ІІМ жүйесіне қайтарылды.

1961 жылы кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен және балалар қараусыздығымен күресу қылмыстық іздестіру аппаратына жүктелген болатын.

1977 жылғы 15 ақпандағы КСРО Жоғарғы кеңесі төралқасының Жарлығымен милицияның балалар бөлмесі кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекцияларға қайта ұйымдастырылды.

1.3. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының құқықтық қызметін ұйымдастырудағы кейбір кемшіліктер және жаңашыл ұсыныстар.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 19 тамыздағы «Қазақстан Республикасында ювеналды әділет жүйесін дамытудың 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» N 646 Жарлығының 4.3. бөлігінде келтірілген қабылданған қарар бойынша «...ювеналды әділет жүйесінің дамуы бірыңғай құрылымды - полицияның кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік инспекторларын, криминалдық полицияның кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі тергеушілерін және жедел уәкілдерін қамтитын мамандандырылған ювеналды полиция құру қажеттігін көздейді.» делініп, ювеналдық полиция құру туралы тұжырымдамалық шешім қабылданады [11, 5 б.].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президенті қол қойған бұл тұжырымдамалық қаулымен кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтары қайта ұйымдастырылып, қылмыс жасады деп күдіктелген кәмелетке толмағандарды уақытша ұстау үшін ішкі істер органдары жүйесінде арнайы мекемелер құру мәселесін пысықтау жұмысы қолға алынады.

Осы тұжырымдама шеңберінде білім және ғылым министрлігіне кәмелетке толмағандармен жұмыс жөніндегі мамандандырылған бөліністердің қызметкерлерін даярлауды көздейтін білім беру бағдарламаларын енгізу туралы ұсынымдар жасалатын болды.

Әлбетте, бұдан бұрын да балалар мен жасөспірімдердің істерімен айналысатын, кәмелетке толмағандармен жұмыс істейтін кәсіби мамандарды ведомстволық, арнайы жоғары оқу орындары дайындайтын 6N0303 - "Юриспруденция"; 6N0302 - "Халықаралық құқық"; 6N0303 "Құқық қорғау қызметі" мамандықтарымен ішкі істер органдары мен бөліністері онсыз да қамтылып келген болатын. Дегенмен де, жоғарыда аталған Тұжырымдамада көзделген шаралар жүзеге асырылып, барлық тетіктері сапалы түрде іске асатын болса, құқық қорғау органдарының құқық қолдану практикасында заңдылықты бұзу фактілері азаяды деген нәтижелер күтілді.

Еліміздің езген езгіден құтылып, тәуелсіздігімізді тұғырлы еткен жылдары балалар мен жасөспірімдердің құқығын қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Жан-жақты әрі сан-салалы кешенді жұмыстар атқарыла бастады. Бұл саланың көкжиегін дамыту үшін кешенді түрде тоғыз мемлекеттік орган балалардың мүдделерін қорғаумен айналыса бастады. Оларды санамаласақ: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Спорт және туризм министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі өз құзыреттерінде бұл салаға өз деңгейінде ықпал етті.

Біріккен Ұлттар ұйымының Бала құқығы жөніндегі комитеті 2003 жылғы 4 маусымда өткізген 33-ші арнайы сессиясы еліміздің бала құқығы мәселесінде елеулі өзгерістердің басталуына тың серпін берді.

Бұл құжатқа сәйкес әлемнің барлық елдерінде бұл сессия жұмысының қорытындысында қабылданған қарарлардың орындалуын қадағалау жүктелді. Қазақ елі де бұл әлемдік үрдіске сәйкес іс-шаралар жиынтығын бекітті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы екінші және үшінші жиынтық мерзімді баяндаманы бекіту туралы» N 670 Қаулысына сәйкес, біздің елде кәмелетке толмағандарға жауаптылық көздегенде мынадай құқықтық негіздер мен заңнамалық тетіктердің орындалуын, бұл талаптардың міндетті іске асырылуын және отандық заңнамаларға өзгеріс енгізілуін жүзеге асырды:

-кәмелетке толмағанның ата-анасының немесе заң өкілдерінің іс жүргізуге міндетті қатысуы талап етілді;

-кәмелетке толмағандарға қатысты өлім жазасын және өмір бақи бас бостандығынан айыруды қолданбау;

-қылмыстық жазаға балама ретінде тәрбиеге шақырудың мәжбүрлі шараларын қолдану мүмкіндігі;

-жазалардың қысқартылған мерзімі [12, 93 б.].

2007 жылдың басынан бастап, нақтырақ алғанда, қаңтар айынан ел аумағында балалардың құқықтарын қорғау департаменттері жұмыс істей бастады. Осы департаменттер жанында өмірдің қиын жағдайына тап болған мектеп жасындағы балаларға, студент жастарға және ата-аналарға құқықтық және психологиялық көмек көрсету үшін сенім телефондары өз жұмысын бастады.

2004 жылғы 9 шілде күні «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын ала ескерту туралы» № 591 заңы қабылданды. Аталған құжатқа сүйеніп сөз саптасак, бұл заңнамамен алғаш рет кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу бойынша мемлекеттік органдар іс-әрекеттерінің құқықтық негіздері айқындалған[13].

Балалар мен жеткіншектердің мүдделерін мемлекеттік тұрғыда кешенді қорғау, кәмелетке толмағандар істері мен құқықтарын қорғау бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 мамырдағы N 415 Қаулысымен ел үкіметі жанынан Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылды.

Осы заңнамалық актілермен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасына құқықтық негіздемелер қалыптасып, осы мәселені құқықтық негізде іске асыратын мамандандырылған бөліністер құрыла бастады.

Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы № 42 бұйрығымен Арнаулы білім беру ұйымдары ашылды. Олар мына елді мекендерде ашылып, онда ауытқымалы мінез-құлқы қалыптаса бастаған кәмелетке толмағандар тәрбиеленді: Керней кенті, (Қарағанды облысы),Серебрянск қ. (ШҚО), Кентау қ. (ОҚО), Алматы қ., Атырау қ., Ақтау қ., Қызылорда облысы, Павлодар қ. [14, 2 б.].

Бұл ұйымдардың ашылуының тікелей құқықтық мақсаты - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қадағалаусыздық пен панасыз қалушылыққа тосқауыл қоюға арналған болатын. Және бұл ұйымдарға қосымша Тараз қаласында және Шығыс Қазақстан облысының, Глубокое елді мекенінде ерекше тәртіппен тәрбиелеуді қажет ететін балалар үшін екі мектеп қызметтік жұмысын бастады.

Мектеп қабырғасындағы оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтарға тосқауыл қоя білген тиімді құқықтық тетік ретінде 2007 жылғы 13 тамыздағы үкіметтік шешіммен енгізілген мектеп инспекторлары лауазымын атауға болады. Оқушылардың ата-аналарымен, мектеп әкімшілігінің педагогикалық ұжымымен бірлесіп мектеп инспекторлары құқықтық тәртіп орнату үшін қыруар қажыр-қайратын жұмсады.

Бұл комиссияның негізгі функциялары кәмелетке толмағандар құқығын қорғау жолындағы министрліктер мен ведомстволарды толғандырған мәселелері мен ұсыныстарын жинақтау, қорыту және ортақ ұсыныстар әзірлеу болып табылады [15, 3 б.].

Бұл комиссияның ерек ерекшеліктерінің бірі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы бойынша жүргізіп жатқан жұмыстары туралы мүдделі болатын мемлекеттік органдар басшыларының атқарған есептерін тыңдау. Өйткені, мемлекеттік саясаттың кезек күттірмей айналысатын мәселесі бола тұра, балалар мен жеткіншектердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңға бойұсынушылық мағынасындағы тәрбие, олар тарапынан жасалатын заң бұзушылықтарды болдырмау жолында жігер жұмсап, жігерлене жұмыс атқаратын міндет ретінде көрмейтін, біршама басшылардың маңызды шаруалардан шеткері қалғысы келіп тұратыны құпия мәлімет емес. Комиссияның құрамы да салмақты: төрағасы – білім және ғылым министрінің өзі де мүшелері ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамындағы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, инвестициялар және даму, мәдениет және спорт, ауыл шаруашылығы вице-министрлері, қорғаныс министрінің орынбасары, ішкі істер министрлігінің әкімшілік полиция комитетінің төрағасы, адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұлттық

орталығының жетекшісі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия хатшылығының консультанты, балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы сияқты әр саланы қамтитын жауапты тұлғалар.

Еліміздегі балалар мен жасөспірімдер тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтар профилактикасы жүйесінің ең басты буыны - кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністер. Бұл бөліністің атқаратын рөлі де, көтеретін жүгі де қаншалықты ауыр болса, соншалықты жауаптылықты, кәсіби құзыреттілікті талап етеді. Өсіп келе жатқан әр баланың қоғамымыздың толық мүшесі болуына, ел ертеңі үшін еңбек етуге үлес қосатын азамат ретінде қалыптасуы үшін ықпалы өте зор. Өскелең ұрпақтың дамуына, өсіп-өнуіне жағымсыз әсер ететін кез-келген мән-жайдың себеп-салдарын, олардың тұлғалық әрі адами тұрғыдан ер жету жолында кездесетін кедергілердің құқықтық факторларының алдын алу, бұл әсер етулердің әдістемелік, ғылыми сипатын анықтайды, оларды жою бойынша кешенді шаралар қабылдайды. Бұл бөлініс отандық құқық қорғау, оның ішінде ішкі істер органдары жүйесінде елеулі орын алады.

2.Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу мен жолын кесу бойынша ішкі істер органдары жұмысын ұйымдастыру. Құқық бұзушылық жасалуының тәрбиелік және «еліктеу» этимологиясы.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністердің бүгінгі жай-күйін сөз етер болсақ, бұлар ішкі істер органдарының өзге қызметтері мен бөлімшелерімен салыстырғанда айрықша айырмашылықтары бар. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлардың функционалдық қызметі әмбебаптық сипатқа ие, әр инспектордан жоғары кәсіби білікті ғана емес, шұғыл шешімдер үшін батыл қадамдар қабылдауға талап етеді, сонымен қатар педагогикалық машықтарды меңгерген болуы қажет.

Бұл саладағы қызметтің ережелерін реттеу бағытында ішкі істер органдарының біршама құқықтық нормалық актілері өз мақсаты бойынша функционалды қызмет атқарды. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 2010 жылғы 30 маусымда «Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторлары қызметін ұйымдастыру бойынша ережелері туралы» №290 бұйрығын қабылдады.

2015 жылғы елімізде орын алған заңнамалық өзгерістер нәтижесінде кәмелетке толмағандар қызметін ұйымдастыру мен басшылық ету жаңадан құрылған жергілікті полиция қызметіне жүктелді де, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 қаңтарда № 12953 болып тіркелген 2015 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 1098 бұйрығымен ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидалары бекітілді. Бұл қағидалар талабымен полиция органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру тәртібі белгіленді. Аталған инспекторлар бұл бұйрық бойынша реттелетін тәртіппен кәмелетке толмағандар арасындағы профилактикалық жұмысты бөлінген әкімшілік учаске негізінде атқарады. Әкімшілік учаскелердің шекарасын қаланың немесе аудан органдары айқындаса, көліктегі ішкі істер органдарында учаске шекараларын көлік нысандарына қарай станциялардың, аялдама бекеттерінің, елді мекендер мен тұрғындар саны мен жолаушылар қарқындылығына байланысты бекітіледі.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы (бұдан әрі – КТІ УПИ) өзінің жұмысында жасы кәмелетке толмағандар арасында жасалған құқық бұзушылықтарды анықтайды, жолын кеседі, осы бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін не ықпал етуі мүмкін себептер мен жағдайларды анықтайды, зерделейді, осыларды жоюға бағытталған шаралардың кешенін жүзеге асырады [16, 2-3 б.].

Бұл бөліністердің негізгі атақаратын қызметіне құқықты бұзуға бейімділігі бар кәмелетке толмағандарды, бала тәрбиесі бойынша өз міндеттерін орындамайтын ата-аналарды анықтайды, құқықтық негізі

анықталса, оларды профилактикалық есепке алып, бақылау жұмыстарын жүргізеді, бұл жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында жұртшылықты жұмылдырады.

Жергілікті полиция қызметінің бұл бөлініс атқаратын қызметтегі дербестігін және жұмыс саласының жауаптылығы мен тиімділігін арттыру мен жергілікті полиция қызметі бастығының басқарушылық функциясын жоғарылату мақсатында ішкі істер министрінің 2016 жылғы 20 мамырдағы №545 бұйрығы қабылданды. Бұл бұйрық бойынша жергілікті орындардағы жергілікті полиция қызметінің бастығы өз саласы бойынша қызметтік көрсеткіштерді төмендетуіне жол берген қызметкерлерді тәртіптік жазалауға немесе марапаттық көтермелеуге құқығы бар. Ескеретіні, бұдан бұрын бұл құқыққа облыс, қала немесе аудан ішкі істер органдары басшылары ғана ие болатын.

Жобаның одан әрі қарастыратын мәселесі кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығы турасында болмақшы. Осы жобаның негізгі тақырыбын ашу барысында біз кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алатын немесе осы құқық бұзушылықтар жасалу салдары мен осы тектес құқық бұзушылықтар ахуалына ықпал етіп отыратын органдар мен құзырлы органдардың құқықтық негізін саралау барысында құқық бұзушылықтарға жиі тоқталдық. Енді осы құқық бұзушылықтар туралы бағамдай отырсақ, оның ішінде де кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын бұзушылықтар туралы.

Құқық тарихына, құқықтану ғылымына, құқық бұзушылықтар жасалудың себептері мен оның жасалуына ықпал ететін факторларға зер салар болсақ, бұлардың барлығында бұзушылық, заңға қарсылық, тәртіптен ауытқу мазмұны айқын көрінеді. Яғни, құқық бұзушылық нормадан тыс, әдеттегі қалыптан ауытқыған, бұрыс мәнді құбылысты еріксіз мазмұндайды. Кәмелетке толмағандар тарапынан немесе кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқықтық бұзушылықтарда осы мәндес, тек жас өлшемі ерекшеліктері болмаса.

Құқық бұзған кәмелеттік жасқа толмағандар туралы айтқанда біз тұрмысы төмен, отбасы мүшелері тәрбиелік міндеттерін орындамайтын

отбасы туралы пайымдаймыз. Осындай тұрмысы қолайсыз отбасыдан шыққан жасөспірімдер ғана құқық бұзады деген түсінік санамызға сіңісіп, жадымызда жатталып, қағида ретінде қалыптасып кеткен. Ал, соңғы жылдардағы кәмелеттік жасқа толмағандар жасаған құқық бұзушылықтардың этимологиясын зерделеу жағдай мүлдем басқаша екенін куәландырады. Әлбетте, тұрмысы қолайсыз отбасыларда тәрбиеленетіндер кәмелетке толмағандар жасайтын құқық бұзушылықтар санының көп бөлігін құрайтыны ақиқат. Ауылдан-ауылға, қаладан қалаға келіп – кетіп бақылаусыз, бағусыз әрі күтусіз жүрген жасөспірімдер құқық бұзушыларға айналып жатқаны кәдік. Осылармен қатар, республикамыздың өзге өңірлерінен өздеріне бөтен елдімекендерге барып тұрып, қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасап жүргендер де басым көпшілікті құрайды. Оларға қарайтын ата-ана жоқ, әдеби стильде сөйлесек, «әй дейтін әже, қой дейтін қожа» жоқ, бақылаусыз жүрген жасөспірімдер қоғамда тіршілік етіп, өмір сүрудің ортақ тәртібінен бейхабар күйде. Бесіктегі жасынан бастап бойы мен ойына сыналап сіңірілетін салт-дәстүр мен санасын «суаратын» салиқалы тәрбие қалыптастыратын қарапайым қағидалардан қоғамда өмір сүретін жасөспірім мақұрым қалса, оны болашақ құқық бұзушы деп тани беріңіз. Ондай балалар мен жасөспірімдер тек заңды аттаушы ғана емес, өзі де келешекте қылмыстың нысанына айналуы әбден мүмкін. Өйткені, тұлға ретінде, оның ішінде заңды мойындап, тәртіпке бойұсынатын тұлға ретінде қалыптасудың машақаты отбасында орын алатынын әркім біледі. Ата-ана мен үйдің ересектері жас өскіндерге үлгі болатыны белгілі.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын ала ескерту туралы» № 591 заңына жүгінетін болсақ, бұл заңнамада жайсыз отбасыларға мынадай түсінік беріледі: - тұрмысы қолайсыз отбасы - ата-анасы не заңды өкілдері жасы кәмелетке толмаған өскелең ұрпақты тәрбиелеу, оларды бағып-күту, сондай-ақ оқыту жөніндегі өздерінің тікелей міндетін орындамайтын әрі олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін отбасы [17, 2 б.]. Осы құқықтық актінің 10 бабында ішкі істер органдарының осы саладағы құзыреті бойынша

атқаратын міндеттері мен мақсаттары айқындалған. Осымен сабақтас кәмелетке толмағанды тәрбиелеу дегеніміз қандай процесс екендігі келтірілген. Бұл заңнаманың анықтамасы бойынша кәмелетке толмағанды имандылық, рухани, психикалық, дене бітімі жағынан, мәдени, зияткерлік өсу жағынан дамуға қоғамдағы және әлеуметтік ортадағы жағымсыз ықпалынан құқықтық қорғауға бағытталған іс-шаралар кешені тәрбиелеу болып есептеледі. Бұл ретте олардың мінез-құлық ережелері мен тәрбие нормаларын бойына сіңіру бойынша жас ұрпақтың ата-анасы мен заңды өкілінің, сонымен бірге құзыретті мемлекеттік органдардың тәрбие үрдісіне тікелей ықпал ететін іс-қимылдар да жатады [17, 4 б.].

Жас мөлшері кәмелеттік жасқа жетпегендердің тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтардың туындау, өрбу үдерісіне келетін болсақ, бұл жайтқа олардың физикалық есею, яғни, дене бітімі жағынан, сондай-ақ, психологиялық ер жету жолындағы өсуі алғышарт болып табылады. Жалпы алғанда, ер жету дене тұрқының толығыуы, толысуы, жаңа мазмұндық нысанға айналуы десек, психологиялық өсу мінезіндегі, жүріс-тұрысындағы өзгерістер. Бұндай физиологиялық өзгерістерге ұшырау барысында нысанның жетілуінде кейде кейбір бұрмалаушылықтарға әкеліп соғуы мүмкін, оған себепші болатыны еліктеу, ұқсас болу. Ал, еліктеген жас өскін үлгі алушының дұрыс мазмұндық нысанымен қатар, бұрыс, кейбір көптеген жағдайларда теріс ықпалдағы нысанның сәтсіз көшірмесіне айналуы тіпті де мүмкін.

Мәселен, ғасырлар тоғысында ғұмыр кешкен жас толқын мың тоғызыншы жылдардан екі мыңыншы жылдар белесіне өтер шақта көптеген жағымсыз үлгілерді бойына сіңіріп үлгерді. Атышулы тоқсаныншы жылдарда көше тәрбиесі деп аталатын еліктеу нысаны біздің еліміздегі, сонымен қатар, көршілес елдердің бірқатарында өзінен кейін осы күнге дейін түптен жойылып кете қоймаған салдарларға әкеліп соққаны белгілі. Қару асынған, қандай да бір тәртіп бұзғыш, тұрмыстық әрі мәдени нормалардан ауытқыған, өркениеттік, жалпыға ортақ құндылықтардан хабары жоқ жастар қазіргі кездегі жастары кәмелетке тола қоймаған жас буынға әсері тым ықпалды болмаса да, қандай да бір ұшқыны тиіп жатқаны даусыз. Бұл

еліктеудің астарында үлгі болушылардың жүріс-тұрысымен қатар жасаған қылықтары мен іс-әрекеттері де мүлтіксіз көшіріліуі мүмкін. Ересек адамдардың сыртқы келбеті тартымды болып көрінбесе де оның кейбір шалт қимылдары мен жасаған қимылдары «кішігірім ерлікке» баланып жатқаны тағы бар. Бұл іс-әрекеттер заңды ма, заңға қайшы ма, өскелең өспірімге аса бір маңыздылығы жоқ, ол туралы ой қорытпайды да. Жағымсыз, кейбір уақыттарда заңсыздыққа әкеліп соғатын күш көрсетуді насихаттайтын, күштінің әлсізге әлімжеттік қылуы «батырлық» деген алдамшы сезімге бас ұратыны ұшарасады.

Бұндай үлгіге еліктеуде бұқаралық ақпарат құралдарының да «еңбегі зор». Қазір ер балалармен бірге қыз балалар да өздері үшін «мінсіз» адамдар жасап алған. Әлеуметтік желінің бұл құбылысқа тигізер ықпалы күшті. Жалпыға бірдей, барлық қоғам болып дәріптейтін өркениеттік құндылықтардың орнына әлеуметтік желілерде «доқ көрсету», басыну, өздері ғана қолданатын, қолдануға ыңғайлы басқа тәртіп орнатқысы келетін жайттар да жиірек орын алуда. Бұны халықаралық терминмен «буллинг» деп атайды.

Рухани ықпал ететін, имандылық «нұрын себетін» жағдайлар басым, бұлар негізгі әсер етуші фактор десек те, автор жоғарыда келтірген «псевдоүлгілік» құбылыс тамырымен жойылып кете қойған жоқ. Діни сауаттылық пен «адасудың» салдарынан, басқа елде өмір сүру «қолайырақ» деп дін жолымен басқа елге кеткен де жастар болды.

Құқық бұзушылықтар жасалуына ықпал етуші өзге мәселенің бірі оқудан тыс уақыттағы оқушылардың бос уақыттық кеңістігінің толмай қалуы. Өзгеше топшылсақ, жасөспірімнің бос уақытының көп болуы. Әрине, жергілікті билік өкілдері білім беру басқармалары мен үкіметтік емес ұйымдарымен бірлесе спорттық секциялар мен шығармашылық, зияткерлік үйірмелер ашу мақсатында қыруар қаржыны игеріп, ауқымды шараларды қолға алуда. Олардың біраз бөлігі тегін. Алайда, біршамасы ақылы негізде. Сәйкесінше, ақылы қызмет көрсететіндерінде жеке тәлімгер болады, материалдық та моральдық та ахуалы оң сипатта. Ал, тегін ашылған секциялар мен үйірмелердің сапалық сипаты сол үйірмені не секцияны

жүргізетін жауапты қызметкердің ерік-жігеріне, өз ісіне деген қызығушылығы қандай деңгейде болуына байланысты. Аула клубтары туралы да айта кеткеніміз жөн. Ол жерлерде бұрын белсенді қызмет еткен, өз саласының мамандары көптеп кездеседі. Бірақ, формалды қызмет көрсетіп жатқандары да бар.

Бұл реттегі негізгі мәселе – қазіргі заманғы жасөспірім кімге ұқсап, кімнің қылықтарынан үлгі алуы қажет. Кім сияқты болуы қажет деген сұраққа жауап әрқалай. Оған себеп, ол сұраққа ересектердің өздері тек топшылап, жобамен жауап беруі ғажап емес. Бұлай болатын себебі, заманауи супермен кім, қазіргі батырлар қайсы, кім идеал болуға жарамды деген сауалдың күрделілігінде жатыр деп жорамалдауға болатын сияқты.

Қазіргі уақытта еліміздің ертеңі үшін елеулі еңбек етіп, үлесін қосып жатқан «100 жаңа есімді» іріктеу, дарынды балаларға арналған спорттық, зияткерлік және музыкалық мектептер мен жоғары оқу орындарына тарту сияқты идеологиялық, сараптамалық жұмыс өте қарқынды жүріп жатқаны қуантады. Нәтижесі де көңіл көншітерлік. Қоғамды ізгілендіру, қоғамдағы қылмыстылық ахуалды жұмсартуға ықпалы жылдан жылға күшейіп келе жатқаны ертеңге сенімділігімізді арттырады. Бірақ, жоба авторы жоғарыда келтірген деректерді де жоққа шығаруға болмайды. Ықпалы күшті интернет кеңістігіндегі әлеуметтік желілер, қоғамға жат қылықтарды қарқынды дамытуға әсер ететін көше тәрбиесі мәселесі де «өз үлесін» қосуда.

Құқықты бұзуға, оның ішінде өзінің жеке құқығына да қауіп төндірген әлеуметтік желілерде жасөспірімдер арасында қарқынды «құрбандық» жинаған «өлім топтарын» атап өтпеске болмайды. Интернет кеңістігі қауіпсіздігіне қорқыныш ұялатқан, көрші Ресей елінен бастап қарқынды дамыған бұл виртуалды індетке барлық мүдделі мемлекеттік ұйымдар мен құзырлы ұйымдардың өзара бірлесіп, қимыл көрсетуінің нәтижесінде ғана қауіптің сейілгені ата-аналардың жадында ұзақ сақталады.

Балалар мен жасөспірімдердің құқық бұзуға бейім болатыны немесе оларға қатысты, я болмаса, олар тарапынан заңсыз деп танылатын құқыққа қарсы болып келетін бұзушылықтардың жасалуына себепші болатын, ықпал ететін, жасауға тартатын, жол беретін факторлардың дені сол жас

ұрпақтың өз ата-аналарының бұған жол беруінде немесе құқық бұзушылықтардың жасалуына қарсы тұрарлық тәрбиелік шаралар қабылдамауында.

2.1. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша ішкі істер бөліністерінің қызметі. Жасы кәмелетке толмағандар тәрбиесіндегі үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік ұйымдармен өзара іс-қимылы.

Жоба авторы қызмет ететін Батыс Қазақстан облысының аумағындағы кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығы профилактикасы, осы тектес бұзушылықтардың алдын алу және қарсы іс-қимыл көрсету бойынша ішкі істер органдарының нендей іс-шаралар қабылдап жатқанын талдау барысында анықталғаны, 2020 жылдың бірінші тоқсанындағы ахуал бойынша, алғашқы екі айда, яки, қаңтар мен ақпан айларында жағдай тұрақты болғанмен, тоқсанның аяғына қарай кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың 4,2%-ға (24-тен 25-ке) өсіп отырғанын байқаймыз. Бір-ақ қылмысқа артық жасалған деп өзімізді жұбатуға болатын еді, алайда, бұл қылмысты өмірде өз жолын тауып қалыптаспаған, психологиялық тұрғыдан өсіп-жетілмеген еліміздің болашақ азаматы тарапынан жасалғанын ескерсек, бұл бағыттағы жұмыстың әдіс-тәсілдері мен бұл қылмыстарға жол бермеуге ықпал ететін тың іс-шаралар қабылдау қажеттігін аңғартады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс облыс орталығы Орал қаласында +16,7%-ға (18-ден 21 фактіге дейін) және Ақжайық ауданы (0-ден 1 фактіге) мен Бәйтерек ауданында (0-ден 2 қылмысқа) өскен.

Ал, жасалған бұл қылмыстардың жалпы санының 76 % (санмен есептесек 19 қылмыс) мүліктік сипатта. Дәл дерек келтірсек: 7 фактісі ұрлық (36 %), 4-еуі тонау (21,1%), 2 қылмыс (10,5) автомобильді немесе өзге көлік құралдарын айдап кету мақсатынсыз заңсыз иемдену (10,5 %), төртеуі (21,1%) ұсақ тонау болса, қалғаны бір-бір фактіден алаяқтық (5,3%) пен бопсалау (5,3%).

Осы үш айда қылмыс жасады деген күдікпен 24 кәмелетке толмаған жасөспірім қылмысқа күдікті ретінде ұсталды, бұл барлық қылмыстар үшін адамдардың жалпы санынан 2,6% -ын құрайды.

Қылмысқа күдікті ретінде ұсталған кәмелетке толмағандардың жалпы санының 62,8% (24-тің 15-і) оқу орындарының оқушылары болып келеді, салыстырмалы түрде санамаласақ, өткен 2019 жылы тура осы мерзімде 69,6% (қылмысқа күдікті ретінде ұсталған 23 кәмелетке толмағанның 16-сы) аталған облыстың білім ошақтарының оқушысы ұсталған. Бір қуантарлығы, аталған қылмыстар облыс оқу орындары мен мекемелері аумағынан тыс жерлерде жасалған. Жас ұрпақтың тәрбиесі, ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеудегі рөлі туралы айтқанда жоғарыда көрсетілген қылмыстар санын естен шығармағанымыз жөн.

Оқушылар тарапынан жасалған бұл қылмыстардың жасалуына ювеналдық полиция мен криминалдық полиция бөліністері арасында әлі күнге дейін өзара іс-қимыл жасасу деңгейінің төмендігі, бірігіп қимыл көрсетуде жетіспеушіліктер бар екендігін ашық түрде айтуымыз қажет. Әр бөлініс өз күйін күйттеп кеткен жайы бар. Бөлінісаралық өзара бірлесіп, тізе қосып қимыл көрсетуде шымырлық көрсете алмай отыр деген сөз. Тағы бір көлеңкелі тұсы – полиция қызметкерлерінің жеке-алдын алу іс-шараларында кемшіліктер орын алып жатыр. Тіпті, ауыр қылмыс болып есептелетін бопсалау фактісі де кездеседі. Мәселен, 2020 жылғы 13 ақпанда Орал қаласы, Қонаев шағынауданының тұрғыны, 2003 жылы туған, жоғары оқу орнында білім алатын, кәмелетке толмаған И. Орал қ. сауда-көңіл көтеру орталығы жанында №27 орта мектебінің 10 сынып оқушысынан бопсалап, жеті мың теңгесін тартып алып кеткен.

Бұл қылмыстық оқиғаны жете зерттеу барысында жоғарыда аталған кәмелетке толмағанның екеуімен де бір уақытта достық қарым-қатынаста жүрген қаланың орта мектептерінің бірінде оқитын бойжеткен үшін басталған кикілжіңнен туындаған.

Ендігі бір қылмыстық оқиға Орал қаласындағы Мұхит көшесі бойында орналасқан «Махаббат» дәмханасында орын алған. Орал мұнай және газ

колледжінде білім алушы, кәмелетке толмаған Р. 1994 жылы туған ересек азаматқа пышақ салған.

Әлбетте, мысал ретінде келтірілген құқық бұзушылықтардың алдын алу, мүлдем болдырмау мақсатында оларды бағып-қаққан ата-аналардың, оларды балабақшада тәрбиелеген тәрбиешілердің, мектеп пен жоғары оқу орындары сияқты білім алған оқу орындарының жіберген қателіктері жоқ емес, олардың тарапынан бұл балалардың тәрбиесінде айқын жетіспеушіліктері көрініп тұр.

Дегенмен, еліміздегі кәмелетке толмаған кез-келген жасөспірімнің жасаған теріс қылықтары мен құқықты бұзған оқиғалары үшін тек біз жоғарыда келтірген ата-ана, тәрбиеші, ұстаздар қауымын ғана айыптап оларды жазаға тарта бергеннен (бәлкім, өте қатаң жазаларға) балалар мен жасөспірімдердің тарапынан жасалған құқық бұзушылықтар жасала береді, болашақта да жасала бермекші. Тек өкініш сезімін тудыратын, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар тізбегінің жалғасуына барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың кінәсі барлығы қызметтік тексерулер өткізу түрде айғақты түрде дәлелдеуге тұрарлық. Алайда, жасы кәмелетке толмаған еліміздің ертеңі саналатын әр балғынның еріксіз заңды аттаған, не болмаса, балалықпен жасаған ағаттығы салдарынан жасалған әр құқық бұзушылық үшін, оның ішінде әкімшілік, қылмыстық, азаматтық-еңбек заңнамаларын бұзушылықтар, кешенді түрде қызметтік тексерулер өткізу тәжірибесі енгізілсе, еліміздегі кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтардың саны да азайып, олардың жолын кесуге, алдын алуға, тіпті, болдырмауға бағытталған әдістемелік, тәрбиелік, құқықтық сауаттандыру іс-шаралары сапалырақ өткізілетін еді. Бұл саладағы қабылданып жатқан шараларды қазіргі жағдайда саралау қорытындысы бәрімізге аян. Кәмелетке толмаған жасы бар азаматтардың тәрбиесімен айналысатын және соған заңнамалық тұрғыда тікелей атсалысуға жауапты органдар мен ұйымдар бұл маңызды жұмыстардан шеттетіліп кеткен. Тікелей жауапты әрі осы жұмыстың салдары үшін құқықтық тұрғыдан нақты жазаланатын білім беру ұйымдары мен ішкі істер органдары қызметкерлері ғана. Әрине, қандай да бір ұйымдастырушылық, әдістемелік, тәрбиелік ықпал

ететін іс-шаралардың өткізілуінде қаржылық мәселенің рөлі жоғары екені түсінікті. Жауапты органдардың көпшілігі дерлік болашақ ұрпақтың тәрбиесіне, ұлттық мүддеге сай өсіп-өнуіне мақсатталған іс-шараларды формалды түрде өткізеді. Бұл салаға арналған ауқымды міндеттерді орындауда мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің өзара бірігіп әрекет етуі көңіл көншітерлік деп толық айтуға ертерек. Бұл жауапты іске құзырлы мекемелер іс-шараларды өткізуге қажет барлық құжаттамалық үрдістер мен міндеттерді орындайды. Жоспарлар жасалады, жоспарлауда енгізілген іс-шараларды өткізуге жауаптылар белгіленгенеді, бірақ оның нәтижесі мен салдарлары әрдайым қорытындыланып жатпайды немесе нәтижесі туралы өткізілетін мәжілістер мен кеңестер науқаншылдық сипат алған, тек қағаз жүзінде қорытындыланады. Мысал келтірсек, жазғы балалар лагерьлерінде дем алатын балаларды сауықтыру үшін өткізілетін іс-шаралар тізбесінде балаларды құқықтық сауаттандыру жұмыстары белгіленгенмен, оларды өткізу сапасы мен ол іс-шараларда көрсетілген талаптар мен нұсқаулықтарды балалар қаншалықты меңгерді, саналарына сіңірудің мазмұндық жағына көңіл мүлдем бөлінбейді десек болады.

Және айта өтетіні, мектепалды даярлық білім беру ошақтарында және мектеп жасындағы балаларды оқытатын мектептерде (мемлекеттік те, жеке меншік те) қызмет ететін тәрбиешілер мен педагогтардың өз тәрбиешілерімен тәрбиелік және құқықтық сауаттандыру жұмысын жүргізуге уақыттары жоқ. Күнтізбелік жоспарларда белгіленген сағаттар тек оқу материалдарын беруге ғана жетеді. Сабақ өткізу уақыты да шектеулі, қазіргі күні 40 минутты ғана құрайды.

Бұл құзырлы органдардағы осындай жағдайды түзеуге біршама ұсыныстар жүзеге асырылса, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығы профилактикасына бағытталған іс-шаралар балалар мен жасөспірімдер тарапынан жасалатын теріс қылықтар мен заңды аттау деректері азаюына жаңаша сипат берер еді.

Жеткіншектерге арналған барлық іс-шаралар жас мөлшері ерекшеліктеріне қарай мазмұндық сипатына қарай жіктелуі қажет: психологиялық өсуге арналған, физиологиялық дамуға арналған (бұның

ішіне спорттық және зияткерлік бағыттағы іс-шараларға басымдық берілу қажет), құқықтық сауатын ашатын, ұлттық сипатта тәрбиелейтін, ер балаларға және қыз балаларға жекеленіп лайықталған және т.б., іс-шаралар кешені ретінде. Осы іс-шараларды орындауға жауапты ретінде мамандар іріктелгенде тек сол саланың кәсіби шеберлері ғана таңдалады. Жұмыстың бұл бөлігін орындауда салааралық, ведомстваралық өзара бірлесіп, тізе қосып еңбек ету маңызды.

Осы мамандар атқаратын және жоспарланған шаралардың әр тармағын құзырлы органдар қатаң бақылауға алады, орындалғаны туралы не орындалмаған жағдайда қорытынды есеп ұсынады. Жалпы қадағалайтын прокуратура органдары болып, спорттық шаралардың өткізілу сапасын кәсіби жаттықтырушылар, психология саласын осы бағыттағы мамандары, зияткерлік мазмұндағы іс-шаралардың тиімділігін бұл саладағы белгілі сарапшы-мамандар, құқықтық сауат ашу сабақтарының тәлімгерлері де жұмыс нәтижесін тексерушілер де тәжірибелі заңгер мамандар немесе құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғалары болады, қазіргідей жоғары оқу орындарын енді бітірген немесе жұмыс істеу өтілі аз мамандарға жүктемей.

Кейін осы әр саланы тексерушілерді қала не облыс әкімі не орынбасары жанында өткізілетін кеңестерде тоқсан сайынғы тыңдалымы ұйымдастырылады. Бұл кеңеске мүдделі тұлғалардың барлығы қатыстырылады, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін, балалардың ата-аналарын қоса есептегенде. Анықталған кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді жете тексеруді облыс не қала (аудан) прокуроры төрағалық ететін тексеру комиссиясының мүшелері жүзеге асырады. Кінәлі тұлғалар мен лауазымды адамдарға қатысты жүргізілетін қызметтік тергеу барысы келесі кеңес барысында талқыланды, талқылау қорытындысы баспасөз беттерінде және әлеуметтік желілердегі ведомстволық парақшалар мен көпшілік қол жеткізе алатын электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында жария етіледі. Міне, осындай ауқымды жұмыстың барысында аз уақыттың ішінде қоғамдық дүрбелең туғызып, жауапты мамандардың жауапкершілігі артады, халықтың, оның ішінде, ата-аналардың өздерінің балаларын тәрбиелейтін, оқытатын мамандарға сенімі артады.

Бұл жерде баса назар қоятын мәселе – жеке меншік секторының бала тәрбиесінің мемлекеттік саясатына мүлдем араласпауы. Әрине, кіші және орта бизнес тарапынан мардымсыз болса да бұл салаға араласу бар. Жергілікті билік органдарымен және Нұр-Отан партиясының өкілдерінің тапсырмасымен, я болмаса «қолқа салуымен» өзара шаралар өткізіледі, өткізіліп те жатыр. Тек, бұл шаралар мәжбүрлі сипат алып кеткендей, ал бизнес өкілдерінің өз бастамашылығымен қаржы бөліп, балалар мен жасөспірімдерді дамытуға лайықталған арнайы тәрбиелік мәндегі шаралар мен өскелең ұрпақтың дұрыс дамуы мен өсіп-өркендеуіне бағытталған спорттық немесе басқа тақырыптағы жарыстар өткізуі екіталай.

Ал ірі бизнес құрылымдары бұл мәселеге мүлдем көңіл бөлмейді, алайда тиісті көңіл бөлсе, олар ауқымды іс-шаралар өткізуге қауқарлы (қаржылық мүмкіндіктері де жоғарырақ), әрі тәрбиелік ықпал ететін шаралар өткізуде, әсіресе, басқару құрамында шетелдік үлесі басым компаниялар халықаралық тәжірибені үлгі ретінде ала салса жеткілікті.

Жеке тұлғаны дамытудағы, оның ішінде балалар үшін, халықаралық тәжірибеден ересектер түгілі, мектеп оқушылары хабардар. Әр кәсіпорында балаларға жаңажылдық сыйлықтан бастап, отбасы мүшелеріне демалыс орындарына жолдама беру мысалдарын интернет-кеңістігінен қиналмай табуға болады.

Барлық бизнес құрылымы болашақ ұрпақтың тәрбиесіне арналған корпоративтік мағынадағы кешенді іс-шаралар өткізуге міндеттелсе. Жоспарланған құжаттамалары сұратылып алынып, жоғарыда автор келтірген тәртіппен қаралып, өткізілуі, ұрпақ тәрбиесіне тигізген пайдасы мен тиімділігі талқыланып отырса, өз нәтижесін берері шүбәсіз.

Әр кәсіпорында бала құқығын қорғайтын мамандар енгізілсе (қоғамдық негіздегі болса да). Бұл мамандарды мемлекеттік органдарда кадр жұмысы не тәрбие бөлімдеріне, ал бизнес қауымдастық ұйымдарында персоналды басқару бөлімдеріне жүктеліп, бірінші басшының дамыту жөніндегі орынбасарына жүктеледі. Бұл маманның атауы жөнінде мәселе басқа, халықпен ақылдасып атау қоюға болады.

Бұл мамандар орындайтын міндеттер: сол мекемеде істейтін отбасылық ахуалды зерттеп отырады. Корпоративтік мүдде мен бауырмалдық ортаны дамыту мақсатында түрлі спорттық іс-шаралар өткізеді. Моральдық тұрғыдан ынталандыру және отбасылардағы әр баланың оқуға, жеке дамуына барлық жағдайлар жасалуын қадағалайды. Қажет болса, көпбалалы отбасылардың бюджетіне күш түспес үшін, қосымша үстемеақы тағйындауға ұсыныс келтіреді. Жазғы және каникул уақыттарында сол ұжымның балаларына бос уақытын өткізу бағдарламаларын жасайды (жазғы сауықтыру – демалыс лагерьлері, Дисней паркі сияқты нысандарға бару, шетелдік саяхаттар).

Болашақ мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарында да студенттер мен білім алушыларды тәрбиелеу бағытындағы жұмыс көлемі кураторға жүктеліп қойған, оның өзіне бекітілген оқу сабақтарын өткізу мен осы сабақтарды өткізуге қажетті дидактикалық және әдістемелік материалдарды дайындауға ғана уақыты бар. Тәрбие жұмыстары ол куратор үшін екінші орында. Өзі жетекшілік ететін оқу тобының моральдық-психологиялық ахуалын зерттеп, зерделеп отыратын ынталандыру құралдары көзделмеген, ондй қосымша жүктеме үшін қаржылай қолдау көрсетілмеген.

Міне, осы жерден ақшалай қаражатқа қатысты мәселелердің үлкен шоғыры шығады. Еліміздегі тәрбие жұмысымен айналысатын институттар мен құралдарға (бұның ішіне, үкіметтік емес ұйымдар да кіреді) қаржылай қолдау басымдыққа ие емес. Жалпы алғанда, тәрбие мәселесі деген ұғым да қалыптаспаған елімізде. Спорт, денсаулық сияқты маңыздылыққа ие емес. Көбінесе, тәрбие деген ұғымды тек ана-аналар өздерінің балаларына беретін ақыл-кеңес деп қана аясы тар түсінік қалыптасқан.

Шын мәнінде, жас өскіндердің психологиялық тұрғыдан қалыпты мінез-құлқының қалыптасуы, физиология жағынан дене-бітімі өз жас мөлшеріне сай келетіндей өсуі, зияткерлік тұрғыдан өзінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін ақыл-есінің толысуы, яғни, бір сөзбен айтқанда, ертеңгі толыққанды азамат ретінде тәрбиелеу үшін кәметке толмағанның жетілуі, дамуы үшін тек ата-аның беретін ақыл-кеңесі жеткіліксіз. Оған қоса, мемлекеттің үлкен үлесі қажет, үкімет аппаратынан бастап жергілікті билік өкілдеріне дейін бала тәрбиесі мен жастардың өмірде өз орнын анықтау мәселесіне өз

қызметтерінде басымдық беруі қажет. Тәрбие мәселесі өз дәрежесі жағынан білім беру мәселесі мәртебесіне дейін көтерілуі тиіс. Сәйкесінше, оған бөлінетін қаражат тек сомалармен емес, білім бөлуге бөлінетін сияқты еліміздің жалпы ішкі өнімнің белгілі бір пайызымен өлшенуі тиіс. Сол кезде ғана қазіргі санасыз ұрпақ, сапасыз білім алу сияқты еліміздегі өзекті деген басты мәселелер өз шешімін таппақ.

Ендігі өзекті тақырыптардың бірі дене тұрқында табиғи ақаулығы бар кәмелетке толмағандармен өзара қарым-қатынас жасау. Ювеналдық полиция инспекторлары бұл кәмелетке толмағандардың бұл тобымен жұмыс істеу барысында көптеген өрескел қателіктер жіберіп жатады. Оған себеп, полиция қызметкерлері, тек полиция қызметкерлері емес, жалпы қазіргі қоғамда бұл мәселе өзекті, мүмкіндігі шектеулі адамдармен қарым-қатынас жасаудың әдіс-тәсілдерінен бейхабар. Мүгедектігі бар жасөспірімдердер сыпайы әрі ілтипатты, кәсіби және тиімді коммуникацияны қамтамасыз ету үшін физиологиялық ерекшелігі бар жасөспірімдермен жұмыс істеуді полиция қызметкерлерін жыл сайын өтетін біліктілік арттыру курстарында оқытуды қолға алатын уақыт жетті.


Медициналық куәландыру бойынша мүгедектер арбасына танылған, көру, сөйлеу қабілетінде мәселелер бар, ақыл-естің, психиканың бұзылуы бойынша мүгедектік санатына жатқызылғандармен жұмыс істеу, олардың қандай да бір жағдайлар бойынша душар болған қиын сәттерінде жүгінген уақыттарында олардан арыз алу, көмек беруде қиындықтар туатын жасырын емес. Бұл мәселе әлі күнге дейін көтерілген емес, тек қоғамдық талқылаулар дәрежесінде қалып қойған. Ішкі істер органдары қызметінде бұл мәселе бойынша бірыңғай саясат жоқ, бұндай фактілер кездескен кезде қолданатын іс-қимылдар алгоритмі қабылданбаған. Бір сөзбен айтқанда, полиция қызметкерлері мүмкіндігі шектеулі азаматтармен тығыз қарым-қатынас жасау ретін анық білмейді. Ондай адам кәмелетке толмағанның ата-анасы, заңды өкілі ретінде құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасасуы мүмкін. Сол кезде қиындықтар туындайды.

2.1. Қоғамға жат мінез-құлықты жасөспірімдерді анықтау бойынша ПО бөліністері қызметінің негізгі бағыттары.

Жоғарыда аттары аталып, баяндалған қызмет ерекшеліктерін және кәмелетке толмағандар контингентімен қызмет өткерудің жай-күйін зерделеу, қандай мәселелер мен жетіспеушіліктер барлығын, анықталған кемшіліктердің алдын алу бойынша болашақта қай бағыттағы қызмет желісін жақсарту қажеттігін, ювеналдық полицияның бұл бағыттағы жұмысын зерттеу мақсатында осы жобаның авторы Батыс Қазақстан облысы аумағында орналасқан барлық полиция бөліністерінде қызмет өткеретін кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністерінің инспекторларына жүргізілген сауалнаманың қорытындысы бойынша мынадай жағдай қалыптасты:

-полицияның мектептегі инспекторлары институты қазіргі уақытта сұранысқа ие ме? деген сауалнамалық сұраққа респонденттердің 11,8 % жоқ деп жауап берсе, 88,2 % иә деп жауап берген;

Считаете ли Вы институт школьных инспекторов полиции востребованным в данное время
17 ответов



-полицияның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністерінің қызметін жақсарту үшін сіз қандай ұсыныс берер едіңіз? деген сауалнама сұрағына а) лауазымдық жалақыны көбейту ә) штатты көбейту б) мектептің өзінде сондай инспектор болса, жақсы болар еді деген ұсыныстар түсті. Сонымен бірге, жергілікті органдар тарапынан қаржыландыру өз дәрежесінде емес, яғни, компьютерлік және автомобильдік техника жетіспейді десе, мектептегі полиция инспекторының қызметі туралы сұралғандар:

-әр мектепте тұрақты бір инспектор болғаны жақсы, жеңіл әрі ыңғайлы. Оқушылар тәртіпті бола бастайды, балалармен коммуникативтік байланысқа


түсу онай, инспекторға сене бастайды, оқушылардың аты-жөндерін еркін жаттай бастайсың, олардың өзіндік, тұлғалық ерекшеліктерін көре бастайсың. Ал, біреуден артық немесе басқа қызмет жүктемесі қосылса, қызмет сапасы төмендеп кетеді, яғни, оқушыларды бақылау қиындай түседі.

Сонымен қатар, қызметті қалай жақсарта едіңіз деген сауалға мектепте орнатылған бейнебақылаудың сапасы нашар болғандықтан, оның көмегімен қылмыстар анықтау мүмкін емес деген де пікірлер болды.

Енді бір қызметкерлер ата-анасы ауылдық жерде, ал, балалары қалада оқитын жағдайларда наркологиялық диспансерлерде медициналық куәландыру қиынға түседі, өйткені кураторларға дәрігерлер рұқсат етпейді, екінші топ ересектерге қызмет көрсететін учаскелік полиция инспекторларының бағыты бойынша қызметке тартуды тоқтатса десе, үшінші пікірімен ай сайынғы әкімшілік тәжірибе бағыты бойынша көрсеткіштерді болжау және жоспарлау арқылы құқық бұзушылықтар анықтауды тоқтатса деген өз ұсыныстарын жеткізген.


-сіздің мектепте бейнебақылау камерасы орнатылған ба? Деген сұраққа 100 % - иә деп жауап қатқан;

Установлены ли в Вашей школе камеры видеонаблюдения
17 ответов



-ол камералар қылмыстардың алдын алуға көмек болады ма? Деген сауалға 17,6 % жоқ деп жауап берсе, 82,4 % иә деп жауап берген;

Помогают ли они в профилактике преступлений
17 ответов




-КТІБ УПИ және мектеп инспекторының қызметі сізге ұнайды ма?
деген сұрақтың жауабы біржақты емес:

-5,9 % маған бәрібір;

-17,6 % жауап беруім қиын;

-70,6 % ұнайды деген жауапты сызған.

Нравится ли Вам работать школьным инспектором, УИП ПДН
17 ответов




Сауалнама жүргізген 34 респонденттерден осы лауазымда қанша
мерзім қызмет атқаратындығы туралы мынадай жауаптар алынды:

-11,8 % - 1 жылға дейін;

-17,6 % - 5 жылға дейін;


-64,4 % - 10 жылға дейін екендігін көрсетті.

Ваш стаж работы
17 ответов



Бұл лауазымға сіз төмендетумен тағайындатылдығыз ба? Деген сауалға
5,9 % - иә десе, 94,4 % - жоқ деген.

Вы переведены на эту должность с понижением
17 ответов




Сұрау салынған респонденттердің жас мөлшері былай:

-17,6 % - 22-25 жас;

-17,6 % - 40-45 жас;


-58,8 % - 25-35 жас.

Ваш возраст
17 ответов



Сізге қызметіңізге қатысы жоқ, мақсатсыз функциямен айналысуға
тура келді ме? деген сауалға: 29,4 % - жоқ десе, 70,6 % - ие деп жауап
қайтарған.

Вам приходилось работать не по назначению
17 ответов




Тікелей міндетіңізге жатпайтын қандай іс-шаралар орындау жүктеледі? деген сауал тасталғанда, 29,4 % бұқаралық іс-шаралар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғауға тартса, 70,6 % учаскелік полиция инспекторы бағыты бойынша жұмылдырыламыз деп жауап айтқан.

Куда вас привлекают чаще всего
17 ответов



Мектептің имиджін қараламау үшін қылмыстарды жасыруға тура келді ме деген сұраққа 5,9 % - кейде деп, жауап берсе, 94,1 % жоқ деген.

Приходилось ли Вам укрывать преступления чтобы не портить отчётность, имидж школы
17 ответов



2.2. Қоғамға жат мінез-құлықты жасөспірімдерді анықтау бойынша ПО бөліністері қызметінің негізгі бағыттары.

Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығымен күрес жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар.

Жоғарыда баяндалғандарды саралай келе, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығы профилактикасы бағытындағы қызметтің сапасын арттыру мақсатында мынадай ұсыныстар келтіріледі:

-кәмелетке толмағандар профилактикасы бойынша атқарылатын міндеттерді орындауда ведомствоаралық өзара іс-қимылдардың тиімділігін арттыру үшін қабылданып жатқан жоспарларды қайта қарап, қазіргі уақытта бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемияның салдарынан туындап жатқан жағдайға икемдеу. Әсіресе, алдын алуға бағытталған карантиндік іс-шаралардың тізіліміне енген, COVID-19 вирус түрінің таралуына қарсы шара ретінде жабық тұрған ойын-сауық және көңіл көтеру орындарына балама ретінде балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді әрі пайдалы өткізу үшін кешенді іс-шараларды қабылдау. Бұның шешімі ретінде еліміздегі телеарналардан көрсетіліп жатқан бағдарламалардағы балалар мен жасөспірімдердің контентін көбейту. Мәселен, қазақстандық IT-технологиялармен айналысатын компанияларға осы жастағы көрермендердің назарына арналған қазақстандық ерекшеліктері бар компьютерлік дамытушы бағдарламалар санын ұлғайту (спорттық, зияткерлік, көңіл көтеру);

-қазақстандық мазмұнды виртуалды ойындар мен зияткерлік дамытушы ойындар мен үй сабақтарын әзірлеу. Қазақ елінің тарихы, салт-дәстүрі, ұлттық ойындары және ертегілері желісімен мультфильмдердің санын бірнеше есе көбейту;

- кәмелетке толмағандардың физиологиялық дамуын зерттеу институттарын құру, соның ішінде, балалар мен жасөспірімдер тағамының құрамы бойынша мәселені біз әлі күнге дейін біржақты ете алған жоқпыз.

Баланың миы, ойлау қабілеті жақсы дамуы үшін қандай тағамдар мен дәрумендер керек екенін ғылыми тұрғыда дәлелденген, алайда, жұртшылықтың назарына ұсынылмайды. Жалпы дұрыс тамақтану дегеніміз не, оның ішінде балалар мен кәмелетке толмаған жасөспірімдер жас ерекшеліктеріне қарай қандай тағамды, жеміс-жидектерді тұтыну қажет дегенді БАҚ арқылы насихаттау мәселесі ақсап жатыр. Керісінше тез дайындалатын, денсаулыққа зиян тағамдарды әзірлейтін компаниялар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарнамалау мәселесін насихаттау деңгейіне дейін көтере білді, бренд дәрежесіне көтерілгендері де бар;

- интернет кеңістігінің қауіпсіздігі, әлеуметтік желілер арқылы жас ұрпаққа келетін зиянның шын мәніндегі деңгейін зерттеу, оған қарсу тұру үшін нендей іс-қимылдар жасау керек деген мәселеде бірізді пікірге келген жоқпыз. Келешек ұрпақ өзіне қажет ақпаратты интернет көкжиегінен өз қалауынша тұтынып жатыр. Ол ақпарат жас ағзаға қандай зиян келетіні туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тек білім беру орындарында ғана жүргізіледі. Отандық ақпарат тарату саласын үйлестіретін «Қазақтелеком» компаниясы әзірлеген, сапасы жағынан шетелдік үлгілерінен кем емес «Ата-аналар бақылауы» интернет-бағдарламасына көңіл дұрыс бөлмегендіктің салдарынан, жасөспірімдер тәрбиесіне оң ықпалын тигізетін замануи өнімді ата-аналардың көпшілік бөлігі ақпараттық жұмыстың аздығынан қолданбай отыр. «Ата-ана бақылауы» деп аталатын бағдарлама әр жасөспірімнің интернет желісіне кіру үдерісін бақылайды. Әр ата-ана өз баласына қажет сайттар мен желілерді таңдайды да бұл бағдарламаның көмегімен заңсыз, зиянын тигізетін, рухани азғындауға ұшыратып жатқан контенттерді бұғаттап тастайды. Нәтижесінде, желі қолданушы жасөспірім ата-анасы таңдаған контент көлемін ғана тұтынады.

2. Қазіргі күні орын алып жатқан жағымсыз оқиғалардың алдын алып отыру үшін ата-аналардың құқықтық сауаттылығын жоғарылататын білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажет. Мәселен, қазір кез-келген ата-ананы алсақ, өзінің кәмелетке толмаған баласына қатысты заң бұзса, қандай жауаптылыққа тартылуы мүмкін екенін білмейді. Кәмелетке толмағандарда да солай, мектепте музыка тыңдаймын деп сыныптасының не құрдасының

гаджетін алып кетіп, одан айырылған оқушының ата-анасы құқық қорғау органдарына жүгініп, берілген арыздың салдарынан қылмыс болып тіркеліп кеткен жағдайлар орын алып жатыр. Яғни, жасөспірімдер құрамы бойынша ұрлық пен тонауды бір-бірінен айыра алмайды және т.б., құқық бұзушылықтардың қылмыстық құрамы мен белгілері бойынша айыра алатындай деңгейге жетуі қажет. Ол үшін баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерге жариялап отыру үшін мемлекеттік тапсырыспен түсірілетін, сапалы ақпараттық-түсіндіру роликтерін эфирге шығарып отыру қажет, әсіресе, прайм-тайм уақытында.

Немесе «Мен құқығымды білемін», «Әркім білетін факт» және т.с.с., ата-аналарға және оқушылар назарына ұсынылатын бастамашылық челленджерге ұйытқы болу қажет.

-өзін-өзі тану сабағына ұқсас білім беру сабақтарының санын көбейту. Атақты педагог К.Д. Ушинскийдің «Адамды жан-жақты тәрбиелеу мен дамыту үшін оны жан-жақты біліп алу керек» [18, 5 б.] деген қағидасын ұстана отырып, жасөспірімдердің өз тарихын, ұлттық салт-дәстүрлерін оқып-білуге бағытталған мазмұнды тақырыптарды қамти отыра, бекітілген мектеп бағдарламасынан тыс, аула клубтары мен қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарға, жазғы лагерьлерге арналған жинақы да өткізуге ыңғайлы қосымша білім беруге арналған ойын түріндегі (интерактивті) оқу бағдарламаларын бекіту.

- мектепалды даярлық және мектеп жасындағы білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы білім беру ахуалын зерделеу, журналистік зерттеулер жүргізу мақсатында білім беруге жауапты органдары жанынан (орталық және облыстық білім беру басқармалары) журналистердің пулын (тізімін) қалыптастыру. Бұл баспасөз өкілдері білім саласындағы проблемалар мен жетістіктерді мамандандырылған түрде зерттеп отырады да, қорытындыларын жұртшылыққа жариялап, қоғамдық бақылаудың рөлінде білім сапасының жоғарылауына септігін тигізеді.

Қорытынды

Жобаның аясында зерделенген материалды қортындылай келе, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығы профилактикасы бойынша ішкі істер органдарының құқықтық және ұйымдастырушылық қызметін қамтамасыз етуге арналған барлық әдістемелік, қаржылық және құқықтық іс-шаралары заманауи талаптарға сәйкес келтіріп, қазіргі қоғам талап етіп отырған талаптар деңгейінен көрінуі қажет.

Келер ұрпақтың келешекті болуы мен болашақ ұрпақтың білімді болуына жауапты орган ретіндегі ішкі істер органдарының бұл саладағы қызметінің жауапкершілігін арттыру қажет.

Заман талабына сәйкес, сервистік үлгідегі, халыққа қызмет көрсетудегі сапа дәрежесін барынша ойға қонымды әрі көңіл көншітерлік сипаттағы полиция қызметінің жаңа мазмұны қалыптасқан тұста, бұл үрдістен балалар мен жасөспірімдердің қоғамның толыққанды мүшесі ретіндегі құқықтарын қорғайтын ішкі істер бөліністері де өз қызметіне сын көзбен қарауға бет алу қажет. Жұртшылықтың қажет ететін құқықтық сұраныстары - өзінің және өз ұрпағының, тәрбиелеп отырған әр жастағы балалардың дамуына кедергі келтіретін құқықтық қол сұғушылықтардан қорғау, осы бағыттағы іс-шараларға барлық әдістемелік-заңнамалық, қаржылық-материалдық қолдау көрсету. Бұл бағыттардағы міндеттер мен мақсаттарды орындауға еліміздің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністердің әлеуеті де жеке құрамның кәсіби біліктілігі халқымыз бен билік органдары тарапынан қойылған мүдделік тапсырмалар мен міндеттерді орындауға әрқашан әзір.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы «Нью-Йоркте 1994 жылғы 16 ақпанда қол қойылған 1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы Конвенция ратификациялау туралы» қаулысы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы
4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.
5. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 әкімшілік Кодексі (күші жойылған).
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
7. Кеңестік социалистік республикалар одағының Халық комиссарлар кеңесі мен Бүкілодақтық коммунистер (большевиктер) партиясының Орталық комитетінің 1935 жылғы 31-мамырдағы «Балалардың панасыздығын және қадағалаусыздығын жою туралы» Қаулысы.
8. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы «Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оналту орталықтары туралы ережені бекіту туралы» № 708 бұйрығы.
9. Постановление Совета народных комиссаров РСФСР от 04.01.2019 года «Об учреждении Совета защиты детей».ru.wikipedia.org
10. Декрет Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета (ВЦИК) от 10 февраля 1921 года «О комиссии при Всероссийском Центральном Исполнительном Комитете по улучшению жизни детей».
11. Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 19 тамыздағы «Қазақстан Республикасында ювенальды әділет жүйесін дамытудың 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» N 646 Жарлығы. Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.
12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске

асыруы туралы екінші және үшінші жиынтық мерзімді баяндаманы бекіту туралы» N 670 Қаулысы.

13. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» N 591 Заңы.

14. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы «Арнаулы білім беру ұйымдары туралы ережені бекіту туралы» № 42 бұйрығы.

15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 мамырдағы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы» N 415 Қаулысы.

16. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» № 1098 бұйрығы.

17. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын ала ескерту туралы» № 591 заңы.

18. Константин Дмитриевич Ушинскийдің педагогикалық еңбектері. Ru.wikipedia.org. сайтынан.